



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТИ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИСКУССТВ
KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY OF ARTS

ҚАЗАҚСТАН. ӨНЕР. ТҰЛҒА



АЙМАН МҰСАҚОЖАЕВА
AIMAN MUS SAKHAJAYEVA

БИОБИБЛИОГРАФИЯ / BIBLIOGRAPHIC

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИСКУССТВ
KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY OF ARTS

ҚАЗАҚСТАН. ӨНЕР. ТҰЛҒА

АЙМАН МҰСАҚОЖАЕВА
Биобиблиография

AIMAN MUSAKHAJAYEVA
Bibliographic

Астана, 2018

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТИ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИСКУССТВ
KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY OF ARTS

 ҚАЗАҚСТАН. ӨНЕР. ТҰЛҒА

АЙМАН МҰСАҚОЖАЕВА
Библиография

AIMAN MUSAKHAYEVA
Bibliographic

Астана, 2017

ОӘЖ 01:7.07
КБЖ 91.9: 85
А 31

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Қазақ Ұлттық өнер университетінің оқу-әдістемелік кеңесі
ұсынған*

Рецензенттер:

П.Ш. Шегебаев – өнертану ғылымдарының кандидаты, профессор;
Д.Қамзабекұлы – филология ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университетінің профессоры

Редакциялық алқа:

Ғ.Т. Ақпарова, Д.Ж. Жұмабекова, Н.Р. Жұмакова,
Е.Н. Жуманқұлова, Р.Қ. Мұсақожаева

Жауапты редакторы:

Ғ.Т. Исахан – Ақпараттық-кітапхана қызметінің басшысы

Құрастырушылар:

О.Б. Абенова, Ғ.Т. Исахан, Б.Б. Құсанбек.

А 31 Айман Қожабекқызы Мұсақожаева: Биобиблиография / О.Б. Абенова,
Ғ.Т. Исахан, Б.Б. Құсанбек – Астана: ҚазҰӨУ Редакциялық-басылым бөлімі, 2017. –
332 б. «ҚАЗАҚСТАН. ӨНЕР. ТҰЛҒА.» биобиблиография сериясы.

Қазақстан Республикасының Халық артисі, Мемлекеттік сыйлығының иегері,
профессор, Қазақ ұлттық өнер университетінің ректоры, Қазақстанның Еңбек Ері Айман
Қожабекқызы Мұсақожаева отандық скрипка мектебінің әйгілі өкілі, жеке дарын иесі.
А.Мұсақожаева Астанада Қазақ ұлттық өнер университетінің ашылуының, елімізде
мәдени өмірдің ұйымдастырылуының бастауында тұрған қайраткер, мәдениет елшісі.

Биобиблиографиялық көрсеткіш ғылыми қызметкерлерге, мәдениеттанушыларға,
жоғары және орта білім беру орындарының профессорлық-оқытушы құрамы мен
студенттерге және көпшілік оқырман қауымға арналған.

ОӘЖ 01:7.07
КБЖ 91.9: 85

© Қазақ Ұлттық өнер университеті, 2017
© Ақпараттық-кітапхана қызметі, 2017

УДК 01:7.07
ББК 91.9: 85
А 31

*Рекомендовано к изданию Учебно-методическим советом
Казахского Национального университета искусств*

Рецензенты:

П.Ш. Шегебаев – кандидат искусствоведения, профессор КазНУИ;
Д.Камзабекулы – доктор филологических наук, профессор ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Редакционная коллегия:

Г.Т. Акпарова, Д.Ж. Жұмабекова, Н.Р. Жұмақова,
Е.Н. Жуманкулова, Р.Қ. Мұсақожаева

Ответственный редактор:

Г.Т. Исахан – руководитель Информационно-библиотечной службы

Составители:

О.Б. Абенова, Г.Т. Исахан, Б.Б. Кусанбек

А 31 Айман Кожабековна Мусахаджаева: Биобиблиография / О.Б. Абенова, Г.Т. Исахан, Б.Б. Кусанбек. – Астана: Редакционно-издательский отдел КазНУИ, 2017. – 332 с. Серия биобиблиографии «КАЗАХСТАН. ИСКУССТВО. ЛИЧНОСТЬ».

Народная артистка, лауреат Государственной премии Республики Казахстан, профессор, ректор Казахского национального университета искусств, «Қазақстанның Еңбек Ері» Айман Кожабековна Мусахаджаева – выдающийся музыкант современности, одна из ярких представителей отечественной скрипичной школы.

Благодаря ее инициативе и организаторским способностям был открыт Казахский национальный университет искусств в Астане.

Она является не только творческим деятелем своей страны, но и послом культуры, который способствует сотрудничеству между государствами в сфере культуры и искусства.

Библиографический указатель предназначен для научных работников, искусствоведов, профессорско-преподавательского состава и студентов высших и средних учебных заведений, широкому кругу читателей.

УДК 01:7.07
ББК 91.9: 85

© Казахский Национальный университет искусств, 2017
© Информационно-библиотечная служба, 2017

BBK 01:7.07
UDC 91.9: 85
A 31

*Recommended for publication by the Educational and Methodological
Council of Kazakh National University of Arts*

Reviewers:

P.Sh. Shegebaev – Candidate of Arts, Professor of KazNUI;

D.Kamzabekuly – Doctor of Philology, Professor of ENU L.N. Gumilev

Editorial team:

F.T.Akparova, D.Zh. Zhumabekova, N.R. Zhmamova,

E.N. Zhumankulova, R.Mysakozhaeva

Managing Editor:

G.T. Isakhan – Head of Information and Library Service

Compilers:

O.B. Abenova, G.T. Isakhan, B.B. Kussanbek.

A 31 Aiman Kozhabekovna Musakhadzhaeva: Biobibliography / O.B. Abenova, G.T. Isakhan, B.B. Kussanbek. – Astana: Editorial and Publishing Department of KazNUI, 2017. – 332 p.

“Artist of the World”, People’s Artist, laureate of the State Prize of the Republic of Kazakhstan, professor, rector of the Kazakh National University of Arts, “Kazakhstan Yenbek Yeri” Aiman Kozhabekovna Musakhadzhaeva is an outstanding contemporary musician, one of the brightest representatives of the national violin school.

Thanks to her initiative and organizational skills, the Kazakh National University of Arts in Astana was opened.

She is not only a creative figure of her country, but also an ambassador of culture, which promotes cooperation between states in the field of culture and art.

Biobiographical index is intended for scientific workers, art historians, faculty and students of higher and secondary educational institutions, a wide range of readers.

BBK 01:7.07

UDC 91.9: 85

© Kazakh National University of Arts, 2017

© Information and Library Service, 2017

ОҚЫРМАҢДАРҒА

Ұсынылып отырған көрсеткіш – «Қазақстан. Өнер. Тұлға. Биобиблиография» сериясының алғашқысы – Қазақстан Республикасының Халық артисі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, «Қазақстанның Еңбек Ері», Қазақ ұлттық өнер университетінің ректоры, профессор Айман Қожабекқызы Мұсақожаеваға арналған.

Биобиблиографиялық көрсеткішке Айман Мұсақожаеваның өмірі мен шығармашылығын, қызметін сипаттайтын материалдар, баспа және мерзімді басылым, интернет беттеріне жарияланған мақалалар мен сұхбаттар тізімі, концерттер мен концерттік турне хронологиясы, концерттік репертуары, электрондық қоры (дыбыс жазбалары, видеография, фильмография), фотогалерея енгізіліп отыр.

Көрсеткіштегі материалдар хронологиялық тәртіп бойынша, әр жылдың шегінде әліпби бойынша орналасқан, жарияланған еңбектер алдымен қазақ тілінде, одан кейін орыс тілінде және шетел тілдерінде көрсетілген. Көрсеткіш соңында көмекші құралдар: есімдердің әліпбилік көрсеткіші, атаулар көрсеткіші, мерзімді басылымдар атауларының көрсеткіші берілген.

Биобиблиографиялық көрсеткішті құрастыруда Қазақ ұлттық өнер университетінің кітапхана қоры, Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасының қоры, мерзімді басылымдар, сонымен қатар зерттеуші ғалым, ҚазҰӨУ профессоры, өнертану ғылымдарының докторы Дана Жүнісбекқызы Жұмабекованың еңбектері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағат қоры, интернет ресурстары пайдаланылды.

К ЧИТАТЕЛЯМ

Предлагаемый указатель – первый выпуск серии «Казахстан. Искусство. Личность. Биобиблиография» – посвящен Народной артистке Республики Казахстан, лауреату Государственной премии Республики Казахстан, «Қазақстанның Еңбек Ері», профессору, ректору Казахского национального университета искусств, Айман Кожабековне Мусахаджаевой.

Библиографический указатель содержит перечень статей и интервью, опубликованных на страницах печатных и периодических изданий, в интернете, а так же хронологию концертов и концертных турне, концертный репертуар, электронный фонд (аудиозаписи, видеография, фильмография) и фотогалерею, материалы, характеризующие жизнь и творчество, государственную и общественную деятельность Айман Мусахаджаевой.

Материалы в указателе расположены в пределах каждого года в алфавитном порядке, на казахском, русском и на английском языках.

Имеются вспомогательные указатели: указатель имен, указатель периодических изданий.

При составлении указателя использованы фонды библиотеки Казахского национального университета искусств, Казахской Национальной Академической библиотеки, интернет ресурсы, периодические издания, труды ученого-исследователя, доктора искусствоведения, профессора КазНУИ Даны Жунусбековны Жумабековой, а так же документы из личного архива А.К. Мусахаджаевой, хранящиеся в Национальном архиве Республики Казахстан.



TO READERS

The proposed index is the first issue of the series Kazakhstan. Art. Personality. Biobibliography «is devoted to the People's Artist of the Republic of Kazakhstan, laureate of the State Prize of the Republic of Kazakhstan, «Kazakhstan Ebek Yeri», professor, rector of the Kazakh National University of Arts, Ayman Kozhabekovna Musahadzhayeva.

Biobiographical index contains a list of articles and interviews published in printed and periodical publications, on the Internet, as well as the chronology of concerts and concert tours, concert repertoire, electronic fund (audio recordings, videography, filmography) and photo gallery, materials characterizing life and work, State and public activities Ayman Musahadzhayeva.

The materials in the index are located within each year in alphabetical order, in Kazakh, Russian and English.

There are auxiliary indexes: the index of names, the index of periodicals.

In the compilation of the index, the funds of the library of the Kazakh National University of Arts, the Kazakh National Academic Library, Internet resources, periodicals, works of the scientist-researcher, doctor of art history, professor of KazNUI Dana Zhunubekovna Zhumabekova, as well as documents from A.K. Musahadzhayeva, stored in the National Archives of the Republic of Kazakhstan.

**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК ЕРІ»,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ХАЛЫҚ АРТИСІ, ПРОФЕССОР,
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕКТОРЫ,
А.К. МҰСАХАДЖАЕВАНЫҢ ӨМІРІ, ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ МЕН
ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ**

Айман Қожабекқызы Мұсахаджаева 1958 жылы 15 наурызда Алматы қаласында дүниеге келді.

1965-1976. Күләш Байсейітова атындағы Республикалық музыкалық орта мектебінде Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор Н.М. Патрушеваның сыныбын тәмамдады (Алматы).

1976. Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясына оқуға түсті.

1978-1983. П.И. Чайковский атындағы Мәскеу мемлекеттік консерваториясына ауысып, Ресей Халық әртісі, профессор В.А. Климов сыныбын (скрипка) аяқтады.

1979-1980. Ленин атындағы Мәдениет үйінің симфониялық оркестрі виолончельшілер тобының жетекшісі (Мәскеу).

1983. Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясының жеке аспапта (скрипка) орындаушысы (Алматы).

1983-1986. П.И. Чайковский атындағы Мәскеу мемлекеттік консерваториясының ассистентура-тағылымдамасына түсіп, табысты аяқтады.

1984. Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясының жеке аспапта (скрипка) орындаушысы (Алматы).

Маусым, 1990. Педагогикалық қызметінің басталуы.

1990. Құрманғазы атындағы Алматы консерваториясының доценті, кафедра меңгерушісі.

1993. Құрманғазы атындағы Алматы консерваториясының скрипка кафедрасының профессоры.

1997. Құрманғазы атындағы Мемлекеттік консерваториясының ішекті аспаптар кафедрасының меңгерушісі.

1998. Қазақ ұлттық музыка академиясының ректоры.

2009. Қазақ ұлттық музыка академиясы Қазақ ұлттық өнер университеті болып қайта құрылды.

2010. Қазақ ұлттық өнер университетінің ректоры.



Атақтары мен марапаттары

Байқаулардағы жүлделер мен марапаттары

- «Артек» Бүкілодақтық пионер лагері Бас басқармасының дипломы (23 маусым 1972).
- Күләш Байсейітова атындағы жас орындаушылар байқауының лауреаты (Алматы 1971-1975).
- Халықаралық скрипкашылар конкурсының лауреаты (Белград, Югославия, 27 қазан 1976). Югослав скрипкашысы Бранко Паевичтың және көрермендердің «Алтын арфа» сыйлығына ие болды.
- Дүниежүзілік жастар мен студенттер фестивалінің дипломанты (Гавана, Куба, 1978).
- Паганини атындағы Халықаралық скрипкашылар байқауының лауреаты. (Генуя, Италия, 1981).
- II Халықаралық скрипкашылар байқауының лауреаты (Токио, Жапония, 12 желтоқсан 1983).
- Ян Сибелиус атындағы Халықаралық скрипкашылар байқауының лауреаты (Хельсинки, Финляндия, 1985).
- П.И. Чайковский атындағы VIII Халықаралық скрипкашылар байқауының лауреаты (Мәскеу, Ресей, шілде 1986).

Ғылыми атақтары

- Скрипка кафедрасының доценті. КСРО Мемлекеттік Халыққа білім беру комитетінің шешімі (4 шілде 1991).
- Скрипка кафедрасының профессоры. Ресей Федерациясының ғылым, жоғары білім және техникалық саясат министрлігінің Жоғары білім жөніндегі комитетінің шешімі (21 қаңтар 1993).
- Өнер мамандығы бойынша профессор. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Жоғары аттестациялық комиссия шешімі (24 наурыз 1994).
- Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі Астана мемлекеттік медицина академиясының құрметті профессоры (21 қыркүйек 1998).

- Халықаралық шығармашылық академиясының академигі (1 қазан 1998).
- Қырғыз Ұлттық консерваториясының профессоры (2003).
- Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері (18 наурыз 2008).
- Данкук Университетінің PhD ғылым докторы (Сеул, Оңтүстік Корея, 25 тамыз 2015).

Қазақстанның мемлекеттік наградалары

- Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты (25 қазан 1984).
- Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген артисі (1984).
- Қазақ КСР-ның халық артисі (27 тамыз 1986).
- Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі (1994).
- 1995-1999 ж. аралығындағы концерттік қызметі үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. (15 желтоқсан 2000).
- Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығының лауреаты (21 наурыз 2008).
- «Қазақстанның Еңбек Ері» құрметті атағына ие болды (5 желтоқсан 2014).

Шет елдері тарапынан атақтары мен наградалары

- «Өзбекстан Республикасының еңбек сіңірген артисі» құрметті атағы (1992).
- К.Молдобасанов ат. Қырғыз Ұлттық консерваториясының құрметті профессоры. (1993).
- Вальмонте қаласының (Италия) «Жоғары артистік қабілеті және әлемдегі бейбітшілік үшін қоғамдық миссиясы» сыйлығы (2000).
- Елдер арасындағы мәдени байланыстарды дамыту мен нығайтуға қосқан үлесі үшін Ватикан сыйлығы мен «Санта-Чечиллия» Күміс кубогы (2001).
- Айман Мұсаходжаеваның есімі Кембридж университетінің Халық-



аралық Биографиялық орталығы жариялаған ІВС «XX ғасырдың 2000 көрнекті музыканттары» Бүкіләлемдік Құрметті Тізіміне енгізілген (2002).

- Кембридж университеті Халықаралық Биографиялық орталығының әлемдік музыка мәдениетін дамытуға қосқан үлесі мен жетістіктері үшін медалі (2002).

- Кембридж университетінің Халықаралық Биографиялық орталығы берген «2003 жылдың Халықаралық музыканты» Құрметті атағы (2003).

- Ресей Федерациясы Мәскеу консерваториясының 140 жылдығына медаль (2006).

- Музыка өнерінің дамуына қосқан зор үлесі үшін Г.Малер атындағы Халықаралық сыйлығы (Прага, Чехия, қараша 2009).

- «Дружба» ордені (Мәскеу, Ресей Федерациясы, 2011).

- «Ғылым мен технология» аталымы бойынша Сократ атындағы Халықаралық сыйлық. The international Award «Socrates international Award».¹ (Ұлыбритания, 2 наурыз 2011).

- Мәдениетке сіңірген еңбегі үшін – Gloria Artis (Польша, 15 наурыз 2011).

- Рыцарь ордені (15-18 желтоқсан 2012, Вена, Австрия)

Қазақстанның мерейтойлық медальдері

- «Қазақстан Республикасының Конституциясына 10 жыл» медалі (2005).

- «Астанаға 10 жыл» медалі (2008).

- «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» медалі (2011).

Құрметті атақтары

- ЮНЕСКОНЫҢ «Бейбітшілік артисі» құрметті атағы (22 қазан 1998).

- Қазақстан меценаттары Клубының «Платиналы Тарлан» тәуелсіз сыйлығы (2002).

- Халықаралық концерттік қызметіндегі жетістіктері мен Қазақстанның

¹ Сократ атындағы Халықаралық сыйлық Еуропалық Бизнес Ассамблеясының бас марапаты мәртебесіне ие және әлеуметтік прогрессті дамыту мен адами құндылықтарды байытудағы кәсіби жетістіктерін атап өтудің ең жоғары дәрежесін білдіреді.

музыкалық білімін дамытуға косқан үлесі үшін «Алтын адам – Жыл тандауы» фестиваль-байқауының Ұйымдастыру комитетінің арнайы сыйлығы (2005).

- «Астана қаласының құрметті азаматы» атағы (10 желтоқсан 2007).

Сайланбалы лауазымдары

- П.И. Чайковский атындағы халықаралық байқаулар лауреаттары қауымдастығының мүшесі (1993).

- Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісі жанындағы Қоғамдық Палата кеңесінің мүшесі (20 қараша 2007).

- «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің мүшесі (4 шілде 2007).

- «Хабар» Агенттігі АҚ директорлар кеңесінің мүшесі (маусым, 2008).

- Қазақстан Республикасы Президентіне үміткер Н.Ә.Назарбаевтың республикалық қоғамдық штабының мүшесі (ақпан-сәуір 2011).

«Астана-Опера» Мемлекеттік опера және балет театрының директорлар кеңесінің мүшесі.

- Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия мүшесі.

- Қазақстан музыка қайраткерлері Одағының төрайымы (15 сәуір 2014).

- «Евразия» Халықаралық кинофестивалінің құрметті президенті (2015 жылдан бастап).

Педагогикалық және ұйымдастырушылық-шығармашылық қызметі

Маусым 1990. Педагогикалық қызметінің басталуы.

1991. Музыкалық аспаптардың Мемлекеттік топтамасын жасақтауға бастамашылық білдіріп, жинақтауға қатысады.

1993. «Академия солистов» Мемлекеттік камералық оркестрін құрып, оның көркемдік жетекшісі болады (Астана).

31 наурыз 1998. Астана қаласындағы Қазақ ұлттық музыка академиясының ашылуын ұйымдастырып, бастамашысы болды.



15 сәуір 1998. Қазақ ұлттық музыка академиясының ректоры болып тағайындалды.

2 маусым 1998. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қатысуымен Қазақ ұлттық музыка академиясының ресми ашылуы.

1998 бастап ТМД, Еуропа, Америка мен Оңтүстік Корея елдерінде халықаралық шеберлік сабақтарын өткізеді.

Еуропа консерваториялары қауымдастығының жұмысына қатысады.

Жоғары мектеп Академиясының халықаралық қауымдастығының жұмысына қатысады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шетелге делегацияларының жұмысына қатысады.

Әдебиет, өнер және сәулет саласындағы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссия отырыстарына қатысады.

1998 бастап Астана қ. әкімдігімен бірлесіп «Shabyt-Inspiration» Халықаралық орындаушылар байқауы мен шығармашыл жастардың «Шабыт» халықаралық фестивалін ұйымдастырады (Астана).

Астана қаласында халықаралық байқау мен фестивальдерді өткізуге бастамашы болды:

- Колледж білім алушылары арасындағы Республикалық байқау;
- «Балдәурен» Халықаралық жазғы музыкалық академиясы;
- Орган музыкасының фестивалі;
- «Астана – ән қанатында» хор музыкасының республикалық фестивалі;
- жетім және ата-анасының қарауынсыз қалған орындаушы балалардың «Болашақ жұлдызы» атты республикалық байқауы.

11 маусым 2005. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қатысуымен Қазақ ұлттық музыка академиясының Орган залының ашылуы.

2005 бастап Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығымен бірлесіп «Астана-Мерей» балалар арасындағы халықаралық скрипкашылар байқауын өткізеді (Астана).

2006 бастап Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен Астана қаласында Халықаралық скрипкашылар байқауын өткізуге бастамашы болды.

2006 бастап ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің зиялы қауым

өкілдерінің шығармашылық және ғылыми Форумына қатысушы.

2008. Қазақ ұлттық өнер университетінің Еуразиялық студенттік симфониялық оркестрінің негізін қалаушы.

21-23 қаңтар 2011. Қазақ Ұлттық Өнер университетінде ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің музыкалық жоғары оқу орындары ректорларының отырысын өткізеді (Астана).

13 ақпан 2013. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев Ақордада Қазақ Ұлттық Өнер университетінің ректоры А.Қ. Мұсахаджаеваны қабылдады.

6-16 наурыз 2013. ҚазҰӨУ-нің 15 жылдығына арналған Халықаралық Өнер форумын ұйымдастырады.

6 наурыз 2013. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің гуманитарлық ынтымақтастық мемлекетаралық қорының қолдауымен ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің музыкалық жоғары оқу орындары ректорлары кенесінің отырысын өткізеді (Астана).

16-22 шілде 2015. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен және «Түрік мәдениеті» (ТҮРІКСОЙ) халықаралық ұйымымен бірлесіп ІСТМ – Дәстүрлі музыка жөніндегі Халықаралық кеңестің дәстүрлі музыка бойынша 43 Бүкіләлемдік конференциясын өткізді (Астана).

2015 бастап Канн кинофестиваліне, «Еуразия» халықаралық кинофестиваліне және «Шәкен жұлдыздары» халықаралық кинофестиваліне қатысады.

25-30 наурыз 2016. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігімен, Астана қ. әкімдігімен және Астана қ. Өнер Академиясымен бірге Еркеғали Рахмадиев атындағы I Халықаралық байқауды өткізді.

28-30 наурыз 2016. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігімен бірге Қазақ ұлттық өнер университетінде «Eurasia Piano Forum» атты әр түрлі мамандықтардың білім алушыларының фортепиано дайындығының II Халықаралық байқауын ұйымдастырып, өткізеді (Астана).

19-20 мамыр 2016. Мүмкіндігі шектеулі және жетім балалар қатысқан «Шабыт-Мерей» I Республикалық байқауын өткізді. Аталмыш байқау Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссияның қолдауымен ұйымдастырылды (Астана).

13 маусым 2017. «ЭКСПО – болашақ энергиясы. Астана 2017»



Халықаралық көрмесі аясында Жібек жолы елдерінің музыкалық мекемелері басшыларының «ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ: Шығыс пен Батыс мәдениетінің байланысы» атты халықаралық форумын өткізеді.

15-25 маусым 2017. «ЭКСПО-2017» бүкіләлемдік халықаралық көрмесінің мәдени бағдарламасы аясында Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен «Өнер және ғылым Академиясы» қоғамдық қоры П.И. Чайковский атындағы X Халықаралық жасөспірімдер конкурсын өткізеді.

22-28 шілде 2017. XIII Халықаралық «Еуразия» кинофестивалі өткізілді.

15-25 тамыз 2017. «ЭКСПО-2017» бүкіләлемдік халықаралық көрмесінің мәдени бағдарламасы аясында ҚазҰӨУ Мәдениетті қолдаудың Еуропалық қорымен (Мальта) және Өнер саласындағы Еуразиялық кеңістікті қолдау қорымен бірлесіп Еуразиялық музыка ойнарларын өткізеді.

Халықаралық байқауларда қазылар алқасының жұмысына қатысты:

- Демидов скрипкашылар байқауы (Екатеринбург, Ресей, 1993).
- А.И. Ямпольский атындағы I, II, III, V Халықаралық скрипкашылар байқауы (Дубна, Ресей, 20-29 мамыр 1996), (Пенза, Ресей, 1999, 2002), (Мәскеу, Ресей, 1-10 мамыр 2009).
- П.И. Чайковский атындағы XI Халықаралық байқау (Мәскеу, Ресей, 9 маусым-1 шілде 1998).
- «Шабыт» шығармашыл жастардың Халықаралық байқауы, фестивалі (Астана, 1998 бастап – жыл сайын).
- Микеланжелло Аббадо атындағы Халықаралық скрипкашылар байқауы (Милан, Италия. 1998, 10-17.11.1999, 2000, 19.11.-6.12.2002, 2003, 5-20.11.2004).
- А.Курчи атындағы Халықаралық скрипкашылар байқауы (Неаполь, Италия, 2000, 2003).
- OST WEST MUZIKFEST халықаралық музыка фестивалі (16-29.07.2002, 12.07.-12.08.2003, Австрия).
- Ф.Шуберт атындағы халықаралық байқау (Италия, 2003).
- И.Брамс атындағы халықаралық байқау (Овада, 2004).
- Д.Ойстрах атындағы I халықаралық Мәскеу қаласындағы скрип-

кашылар байқауы (Мәскеу, Ресей, 18-22 сәуір 2006)

- Халықаралық скрипкашылар байқауы (Астана, 2006, 2008, 2010, 2012, 2014, 2016)

- Роберт Канетти ат. Халықаралық байқау-фестивалі (Португалия, Италия, 2009).

- М.Ельский атындағы ішекті ысқымен орындалатын аспаптарда орындаушылардың II, III Халықаралық байқауы (Минск, Белоруссия, 1-9 желтоқсан 2007), (Минск, Белоруссия, 8-17 қараша 2013).

- П.И. Чайковский атындағы VII Халықаралық жастар байқауы (Монтре, Вевер, Швейцария, 4-15 қыркүйек 2012).

- Monte-Carlo Violin Masters Халықаралық скрипкашылар байқауы (Монако, 5-8 маусым 2013).

- Ю.И. Янкелевич атындағы III Халықаралық скрипкашылар байқауы (Омбы, Ресей, 1-10 наурыз 2013).

- П.И. Чайковский атындағы Халықаралық Жасөспірімдер байқауы, скрипка бойынша қазылар алқасының төрайымы (Астана, 15-25 маусым 2017).

Концерттік қызметі

1965 бастап Мектептегі концерттерге қатысуы.

1971 бастап Жеке концерттермен өнер көрсету, Үкімет концерттеріне, радио мен теледидардағы концерттерге қатысуы.

сәуір 1971. Бүкілодақтық балалар скрипкашылар ансамблінің құрамында КОКП XIV съезі делегаттарының алдында Үкіметтік концертке қатысуы (Кремль, Мәскеу).

1973. ҚСРО Халық әртісі, Социалистік Еңбек Ері, композитор Арам Ильич Хачатурянның Алматы қ. «Спартак» балетін қоюға келген кезде К.Байсейітова атындағы мамандандырылған мектеп оқушыларының концертіне қатысуы.

1976. Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясының залында жеке концерті (Алматы).

1977. Шетелдегі гастрольдік сапарларға Достық Қоғамының делегациясы құрамында қатысуы (Норвегия, Куба).

1980-1983. Шет елдеріне гастрольдік сапарлар барысында Қазақ-



концерт делегациясымен концерттерге қатысу (Венгрия, Югославия, Германия).

1984. Қарағанды қаласындағы концерті.

Қазан 1985. Петропавл қаласындағы концерті.

1986. Халықаралық Камералық музыка фестиваліне қатысуы (Кухмо, Финляндия).

Қаңтар 1987. Арқалық қаласындағы концерті.

1992-1993. Вашингтон, Нью-Йорк, Сан-Франциско, Сан Диего, Хьюстон, Нью-Джерси (АҚШ) қалаларында концерт.

Наурыз 1993. Жезқазған қаласындағы концерт.

Қазан 1993. А.Мұсахаджаева жетекшілігімен Қазақстанның мемлекеттік камералық оркестрінің тұсаукесері (Алматы, Орталық концерт залы).

Сәуір 1994. «Академия солистов» концерті (Мәскеу Консерваториясының үлкен залы, Ресей).

Қараша, 1994. «Дворцы Ленинграда» Халықаралық фестивалге қатысуы (Ресей).

1994-1995. Халықаралық фестивалге қатысуы «Ost-West Musikfest» (Австрия).

28 сәуір 1995. Мемлекеттік симфония оркестрінің концерті. Жеке орындаушылар А.Мұсахаджаева және И.Гаврыш (Орталық концерт залы, Алматы).

6 желтоқсан 1995. Қазақстанның камералық оркестрінің концерті, жеке орындаушы – А.К. Мұсахаджаева, дирижері – Б.К. Мұсақожаева («Шеврон» залы, АҚШ).

28 ақпан 1996. Мемлекеттік симфониялық оркестрдің скрипка концерті. Жеке орындаушы – А.К. Мұсахаджаева, дирижері – Қанат Ахметов.

Қыркүйек 1996. Президенттік камералық оркестрінің АҚШ-тағы гастрольдеріне қазақстандық музыканттардың құрамында қатысуы.

Қазан, 1996. «Академия солистов» мемлекеттік камералық оркестрінің концерті, Жеке орындаушы – А.К. Мұсахаджаева, дирижері Бақытжан Мұсақожаева (Орталық концерт залы, Алматы).

20 сәуір 1997. Эдуард Грач, Игорь Гаврыш (Ресей), Богодар Которович (Украина), Исаак Шульдман (Норвегия), Орландо Калевро (Италия) қатысуымен Айман Мұсахаджаеваның шығармашылық қызметінің

20 жылдығына арналған «Шығармашылық шаттығы» атты классикалық музыканың Халықаралық фестивалі (Республика Сарайы, Алматы).

1997. «Академия солистов» Мемлекеттік камералық оркестрдің 5 жылдығына арналған «XXI ғасыр» атты Гала-концерт, Жеке орындаушы – А.К. Мұсахаджаева, дирижері Бакытжан Мұсакожаева (Орталық концерт залы, Алматы).

29 қараша 1997. «Мир мой – музыка» фестивалінің аясында Ғазиза Жұбанованың 70 жылдығына арналған концертке қатысуы (Орталық концерт залы, Алматы).

31 қаңтар 1998. Орталық концерт залында «Академия солистов» Мемлекеттік камералық оркестрінің концерті, жеке орындаушы А.Мұсахаджаева, дирижері Дэвид Грин (Англия) (Алматы).

27 сәуір 1998. Қазақстан Үкіметінің концертіне қатысуы (Мәскеу, Ресей).

2 қазан 1998. А.Мұсахаджаеваның қатысуымен «Виртуозы Москвы» концерті (Конгресс-холл, Астана).

21-23 қазан 1998. ЮНЕСКО қолдауымен Балалар қоры өткізген қайырымдылық концертіне қатысуы. (Париж, Франция).

Мамыр 1999. А.Мұсахаджаеваның қатысуымен концерт. (Н.Бекежанов атындағы облыстық драма театры, Қызылорда облысы).

Маусым, 1999. «Rove D'ogo» (Алтын жапырақ) халықаралық музыкалық конкурсда Джорджия Университетінің профессоры, Болонья қ. Филармониялық Академиясының академигі Милтон Масчадримен (АҚШ) концерт (Сан-Бартоломео, Италия).

1999. «Академия солистов» Мемлекеттік камералық оркестрінің сүйемелдеуімен концерт (Корея).

Қараша 1999. Әйгілі альтист, композитор Михаил Кугельмен концерт (Астана, Алматы).

Маусым, 2000. Моцартеум консерваториясының «Weiner Konzerthaus, Schubert-Saal» залында Қазақ ұлттық музыка академиясының оқушылары мен студенттерімен Гала-концерт (Зальцбург, Австрия).

20 қыркүйек 2000. Еврей музыкасының кеші. А.Мұсахаджаеваның қатысуымен Израиль музыканттарының концерті, альтист Аври Левитан, Рут Левитан (сопрано), (Астана).

7 қазан 2000. III Халықаралық «Шабьт» фестивалінде Милтон Масчадри (АҚШ), Михаил Кугельдің қатысуымен А. Мұсахаджаеваның



концерті (Астана).

25-29 қазан 2000. Қазақ ұлттық музыка академиясының оқушылары мен студенттерімен «Балалар өнері» атты концерттік тур (Рим, Генуя, Милан, Ватикан, Италия).

10-25 қараша 2000. «Айман-Гала» халықаралық турнеде өнер көрсетуі (Зальцбург, Вена, Клагенфурт, Милан).

2001-2005 жж. Түркияның Black Tea symponic orchestra Симфониялық оркестрінің сүйемелдеуімен «Жібек жолы» жобасына қатысу.

29 наурыз – 4 сәуір 2001. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған концерт (Берлин концерттер сарайының залы, Германия).

24 сәуір 2001. «Академия солистов» Мемлекеттік камералық оркестрінің концерті. Жеке орындаушы – А.Мұсахаджаева. (Жамбыл залы, Астана)

4-15 мамыр 2001. Е.Мравинский атындағы III Халықаралық концертке қатысуы (Нарва, Эстония).

Маусым, шілде 2001. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған қазақстандық және шетелдік өнер шеберлерінің қатысуымен «Айман-Гала» музыкалық жобасы (Лондон, Ұлыбритания; Брюссель, Бельгия; Буэнос-Айрес, Санта-Фе, Аргентина; Италия, Австрия).

7-11 қыркүйек 2001. Қазақстанда Рим Папасы Иоанн Павел II-нің ресми сапары қарсаңында Ватиканда классикалық музыкадан концерт береді (Вальмот, Ватикан).

18-21 қыркүйек 2001. «Compact artists Management» шақыруымен концерт (Германия).

20 қыркүйек 2001. Ғазиза Жұбанованы еске алу кешіне қатысуы (Алматы).

5 қазан 2001. А.Мұсахаджаеваның қатысуымен «Академия солистов» Мемлекеттік камералық оркестрінің концерті. (Президенттік мәдениет орталығы, Астана.)

Қазан 2001. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған концертке қатысуы (Ташкент, Өзбекстан).

Қараша 2001. «Fuchsvilla» музыка түні бағдарламасында концертке қатысуы (Вена, Австрия).

Желтоқсан 2001. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған концерт

2001. В.А. Моцарт дискісін жазу. Концерттік симфония. А.Мұсахаджаева (скрипка), Аври Левитан (альт) (Германия/Израиль)

Наурыз 2002. Германия қалаларында концерттік тур кезінде жеке концерті.

26 сәуір 2002. А.Мұсахаджаеваның шығармашылық қызметінің 25-жылдығына арналған концерт (Конгресс-холл, Астана).

Мамыр 2002. «Академия солистов» Мемлекеттік камералық оркестрінің гастрольдік сапары, жеке орындаушы – А.К. Мұсахаджаева Ұлыбританияның концерттік залдарында:

- Quenn Elizabeth Hall (Лондон);
- Alber Hall (Нотинген);
- Henry Wood Hall (Глазго);
- Sheldonien Theatre (Оксфорд);
- St. Georgs (Бристоль).

Мамыр 2002. А. Мұсахаджаеваның қатысуымен «Академия солистов» Мемлекеттік камералық оркестрінің гастрольдік сапары:

- Европарламент (Брюссель);
- «Массими» (Италия);
- Моцартеум, Концертхаус (Австрия);
- ЮНЕСКО (Париж, Франция) концерт залдарында.

17 мамыр 2002. Мәскеудегі Астана қаласының Мәдениет күндері бағдарламасы аясында консерваторияның Үлкен залында «Чайковскийді еске алу» концертіне қатысуы (Ресей).

Маусым 2002. А.Мұсахаджаеваның шығармашылық қызметінің 25-жылдығына арналған кеш (Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театры, Алматы).

Шілде 2002. А. Мұсахаджаеваның қатысуымен «Академия солистов» Мемлекеттік камералық оркестрінің гастрольдік сапары (Австрия).

Қазан 2002. А. Мұсахаджаеваның қатысуымен «Академия солистов» Мемлекеттік камералық оркестрінің концерті (Мысыр).

31 қазан 2002. «Академия солистов» Мемлекеттік камералық оркестрінің концерті. Жеке орындаушы – А. Мұсахаджаева. (Орталық концерт залы, Алматы)

Желтоқсан 2002. Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясының қатысуымен испандық музыка кешіне қатысу.



(Алматы).

13 наурыз 2003. БҰҰ штаб-пәтерінде жеке концерт (Женева, Швейцария).

25 сәуір 2003. Қазақ ұлттық музыка академиясы құрылғанына 5 жылдығына арналған концертке қатысу (Конгресс-холл, Астана).

28 сәуір 2003. «SilkWay» жобасы бойынша виолончелист Йо-Йо Ма (АҚШ) және пианист Джоэл Фанмен (АҚШ) концерт (Алматы).

Маусым – қазан 2003. Халықаралық фестиваль мен байқауларға қатысу:

- «Interfest-Bitola», «International Festival of Classical Music» концерт (Скопье, Македония), дирижері – Роберт Гуттер (АҚШ);

- «Shabyt-Inspiration» (Астана, Қазақстан);

- «Микеланжело Аббадо» (Милан, Италия);

- «Circi» (Неаполь, Италия);

- «Ost-West Musicfest» (Австрия).

28 қазан 2003. «Академия солистов» Мемлекеттік камералық оркестрінің құрылуының 10 жылдығына орай концерт, жеке орындаушы – А.К. Мұсахаджаева (Конгресс-холл, Астана).

25 қаңтар 2004. А. Мұсахаджаеваның қатысуымен классикалық музыка кеші (Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театры, Алматы).

11 ақпан 2004. Қазақстан Республикасының АҚШ елшілігіндегі концертіне қатысу.

23 сәуір 2004. «Джорджа Энеску» симфониялық оркестрінің сүйемелдеуімен концерт, жеке орындаушылар – А.Қ. Мұсахаджаева (скрипка), Д.Никулеску (виолончель) («Атенеум» концерт залы, Бухарест, Румыния).

26 сәуір – 2 мамыр 2004. Александрия қаласының оркестрімен өнер көрсету, тәжірибе алмасу (Италия).

5 маусым 2004. «Отан» республикалық саяси партиясының қолдауымен Камералық музыка концерті, жеке орындаушы – А.К. Мұсахаджаева (Қазақстан Республикасының Президенттік мәдениет орталығы, Астана).

8 маусым 2004. «Отан» республикалық саяси партиясының қолдауымен «Академия солистов» мемлекеттік камералық оркестрінің концерті, жеке орындаушы – А.К. Мұсахаджаева, (Алматы).

Шілде 2004. Халықаралық жазғы музыкалық курстарға қатысу

(Киоджио, Италия).

Қыркүйек 2004. Қазақстан Республикасының Италиядағы елшілігінің қолдауымен Италиядағы Қазақстан мәдениеті күндерін өткізу аясында А.Қ. Мұсахаджаеваның қатысуымен Қазақ ұлттық музыка академиясының оқушылары мен студенттерінің концерті.

2004. «Yamaha» компаниясының шақыруы бойынша «Топпан-холл» мен «Каваи-Салон» концерт залдарында өнер көрсетуі (Токио, Япония).

1 қараша 2004. «Академия солистов» Мемлекеттік камералық оркестрінің 10-шы мерейтойлық маусымының ашылу салтанатына арналған концерт. (Жамбыл атындағы филармония залы, Алматы).

25 қараша 2004. Поляк композиторы, дирижер Кшиштоф Пендерецкийдің қатысуымен А.Қ. Мұсахаджаеваның концерті. (Варшава, Польша).

2004-2005. Халықаралық мемлекетаралық мәдени ынтымақтастық бағдарламасы аясында «Академия солистов» Мемлекеттік камералық оркестрінің сүйемелдеуімен Павел Гилиловпен бірге (фортепиано, Германия) концерт («Карнеги-холл» концерт залы, Нью-Йорк, АҚШ).

18 қаңтар 2005. А.Қ. Мұсахаджаеваның қатысуымен «Exclusive concert» (Астана)

26 қаңтар 2005. А.Қ. Мұсахаджаеваның қайырымдылық концерті (Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театры, Алматы).

Ақпан 2005. АҚШ-тағы қазақстанның мәдениет күндері бағдарламасы аясында «Академия солистов» Мемлекеттік камералық оркестрімен гастрольдік сапар (Кеннеди-орталығы, Карнеги-Холл, АҚШ).

2005. Ласло Мароси мен UCF джаз ансамблінің жетекшілігімен Стела Санк мен UCF симфониялық оркестрі концертінің тұсаукесері. Жеке орындаушылар Айман Мұсахаджаева мен Аяко Йонетани (Орlando, АҚШ).

22 мамыр 2005. Француз пианисті Бертран Жиromoен бірге Қазақстан халқы Ассамблеясының 10 жылдығына арналған концертке қатысу (Шарл Гуно залы, Париж, Франция).

26 мамыр және 2 маусым 2005. Әлемдік турне аясында Владимир Спиваковпен (скрипка) бірге концерт (Орган залы мен Конгресс-Холл, Астана).

26, 30 мамыр 2005. Ресей мемлекеттік «Виртуозы Москвы»



камералық оркестрінің 25 жылдығына арналған А.Қ. Мұсахаджаева мен В.Спиваковтың қатысуымен «Академия солистов» (Астана) камералық оркестрлерінің концерті (Орган залы, Конгресс холл, Астана)

4 маусым 2005. Әлемдік турне аясында Владимир Спиваковпен (скрипка) бірге концерт (Алматы).

25 маусым 2005. Қазақстандық «Алматы» танкері құрылысының аяқталуына арналған салтанатты іс-шараларға қатысуы (Выборг, Ленинград облысы).

5 желтоқсан 2005. «Академия солистов» Мемлекеттік камералық оркестрімен «Музыканттардың балаларға тартуы» қайырымдылық концерті, жеке орындаушы – А.Қ. Мұсахаджаева, дирижері Бақытжан Мұсақожаева (Алматы).

Қаңтар – ақпан, 2006. Жамбыл атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясының Симфониялық оркестрінің В.А. Моцарттың 250 жылдығына арналған Германия қалалары бойынша концерт турнесіне қатысу (Кельн, Люденшайд, Боркен, Рюсельсхайм, Больфсбург, Гевельсберг, Бад Хомбург; Германия).

Наурыз 2006. А.Қ. Мұсахаджаеваның қатысуымен «Академия солистов» Мемлекеттік камералық оркестрінің концерті. (Конгресс холл, Астана; Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театры, Алматы)

2006. Париж (Франция), Орландо (АҚШ), Порто (Португалия), Кишинев (Молдова) қалаларында концерті.

21 қыркүйек 2006. Дирижер Дамиан Иорио (Ұлыбритания) жетекшілігімен Астана қаласының Мемлекеттік филармониясының концерті, жеке орындаушы – А.Мұсахаджаева (Президенттік мәдениет орталығы, Астана).

4 қазан 2006. Боулинг-Грин филармониясы мен опералық театрдың музыкалық директоры мен дирижері Эмили Фриман Браун жетекшілігімен концерт (Огайо, АҚШ), (Астана)

6 қазан 2006. П.И. Чайковский атындағы Мәскеу мемлекеттік консерваториясының 140 жылдығына арналған концертке қатысуы (Ресей).

7 қазан 2006. А.Қ. Мұсахаджаеваның қатысуымен Алматы қаласы күніне арналған классикалық музыка кеші (Жамбыл атындағы филармония, Алматы).

8-11 қазан 2006. «Голосаи звуки мира» музыкалық фестиваліне қатысуы (Вена, Австрия; Рим, Италия; Дюссельдорф, Германия; Брюссель).

Қараша 2006. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 15 жылдығына арналған А.Қ. Мұсахаджаева мен пианист Павел Гилиловтің (Кельн) шығармашылық концерті (Астана, Ақтөбе, Атырау, Көкшетау, Қостанай).

6 ақпан 2007. Украинада Қазақстан күндерінің ашылуына арналған Гала концертте Богодар Которовичтің жетекшілігімен «Киевские солисты» мемлекеттік камералық ансамблінің сүйемелдеуімен өнер көрсетуі (Киев, Украина).

6 сәуір 2007. А.Қ. Мұсахаджаева мен А. Тебенихиннің қатысуымен Еуропалық Кеңестің жастар симфониялық оркестрінің концерті, дирижері – Владимир Ашкенази (Бейбітшілік және келісім сарайы, Астана).

4 мамыр 2007. Нина Михайловна Патрушеваның 80 жасқа толу мерейтойына арналған концертке қатысу. (Орган залы, Астана)

Маусым 2007. «Академия солистов» Мемлекеттік камералық оркестрінің концерті, жеке орындаушы – А.Қ. Мұсахаджаева, дирижері Пьетро Перини (Орган залы, Астана)

2007. «Академия солистов» Мемлекеттік камералық оркестрінің сүйемелдеуімен Роберт Канеттидің Халықаралық фестивалінде өнер көрсету (Анталья, Түркия).

2007. Қазақстан мен Израиль елдерінің тәуелсіздік күніне орай Роберт Канеттимен концерт (Тель-Авив, Астана).

2007. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 16 жылдығына арналған Еуразиялық симфониялық оркестрдің Еуропалық концерттік турына қатысу Прага (Чехия) - Лондон (Ұлыбритания).

11 қараша 2007. «Академия солистов» Мемлекеттік камералық оркестрімен концерт (Орган залы, Астана).

12-13 желтоқсан 2007. Хиросима құрбандарын еске алу күніне арналған шараларға қатысуы (Хиросима, Япония).

15 ақпан 2008. Пусандағы концерт (Оңтүстік Корея)

20 наурыз 2008. Қазақ ұлттық музыка академиясының 10 жылдығына арналған концерт (Конгресс холл, Астана)

27 наурыз 2008. Қазақ ұлттық музыка академиясының симфониялық оркестрімен концерт.

22 сәуір 2008. Қазақ ұлттық музыка академиясының 10 жылдығына



арналған Гала-концерт (Бейбітшілік және келісім сарайы, Астана).

2-11 сәуір 2008. Дирижер, ҚСРО Халық артисі Саулос Сондецкис (Литва, Ресей) жетекшілігімен Еуразия симфониялық оркестрінің «Вена-Прага-Будапешт» халықаралық турнесі Қазақ ұлттық музыка академиясының 10 жылдығына орай Еуропа залдарында:

- Musikyerein Golden hall (Вена, Австрия).

- Smetana hall (Прага, Чехия).

- Liszt hall (Будапешт, Венгрия).

2008. Виолончелист Рио Ми Хаймен (Корея) бірге концерт

2008. Еуропа Одағының жастар оркестрі. Жеке орындаушылар – Айман Мұсахаджаева мен Амир Тебинихин. Дирижері – Владимир Ашкенази.

23-25 қараша 2008. Композитор К. Пендерецкийдің 75 жасқа толуына арналған фестивальге қатысуы (Варшава, Польша).

29 желтоқсан 2008. Каролин Мюрат Ханшайымының шақыруы бойынша «Академия солистов» мемлекеттік камералық оркестрінің сүйемелдеуімен Гштаад қаласында (Швейцария) Халықаралық музыкалық фестивалінде концерт, дирижерлері Роберт Канетти және Бақытжан Мұсақожаева.

15-18 қаңтар 2009. Түріксоy Халықаралық ұйымының 15 жылдығын атап өтуге орай Анкара қаласындағы классикалық музыканың жеке концерті (Түркия).

Қаңтар 2009. Жамбыл атындағы Мемлекеттік филармонияда австриялық маэстро Густав Макпен классикалық музыка концерті (Алматы).

26 қаңтар 2009. Белгілі дирижер Мануэль Хернандез Силвамен бірге концерт (Австрия).

Қаңтар 2009. Вена концерттік залында Айман Мұсахаджаеваның Алтын дискісінің алғашқы нұсқасын жазу (Австрия).

Ақпан 2009. Қазақ ұлттық академиясының Орган залында симфониялық оркестрдің сүйемелдеуімен С.С. Прокофьевтың скрипка концерті (Астана).

2-4 ақпан 2009. Германияда Қазақстан жылының ашылуына орай оқушылармен концертке қатысуы.

Ақпан 2009. П.И. Чайковскийдің Төртінші симфониясын алғашқы орындау күнінен 131 жылына арналған концертте өнер көрсетуі (Астана).

19-25 мамыр 2009. Музыка фестиваліне қатысуы (Сеул, Оңтүстік

Корея).

5 маусым 2009. Айман Мұсахаджаеваның концерті, дирижері Қанат Ахметов (Орган залы, Астана)

Шілде 2009. Роберт Канеттидің Халықаралық фестиваліне қатысу (Италия)

12 қыркүйек 2009. Айман Мұсахаджаеваның концерті, дирижері Энрике Кембел Батиз (Орган залы, Астана)

Қазан 2009. Мемлекеттік академиялық симфониялық оркестрмен концерт, дирижері – Ваг Папьян (Израиль), (Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясының Орталық концерт залы, Алматы).

6 қазан 2009. «Академия солистов» Мемлекеттік камералық оркестрмен концерт, дирижері Роберт Канетти (Орган залы, Астана)

5 қараша 2009. Элеонора Бековамен (фортепиано, Ұлыбритания) концерт (Орган залы, Астана).

Қараша 2009. Элеонора Бековамен (фортепиано, Ұлыбритания) «Қазақ Гала» Халықаралық фестивалінің аясында Қазақстан қалалары бойынша (Астана, Қарағанды, Алматы, Ақтау, Атырау, Орал) концерт.

2009. «Академия солистов» Мемлекеттік камералық оркестрінің сүйемелдеуімен концерт (Прага, Чехия).

25 қараша 2009. А.Мұсахаджаеваның концерті, дирижері Ваг Папьян (Орган залы, Астана).

7 желтоқсан 2009. Корольдік симфониялық оркестрдің (Англия) сүйемелдеуімен Айман Мұсахаджаева мен Элеонора Бекованың (фортепиано, Ұлыбритания) концерті (Грейт-холл лондон ратушасы, Лондон, Ұлыбритания).

14 желтоқсан 2009. «Қазақ Гала» халықаралық Фестивалі аясында, «Академия солистов» Мемлекеттік камералық оркестрінің сүйемелдеуімен концерт, дирижері – Мариус Стравинский («Кадоган-холл», Ұлыбритания).

16 желтоқсан 2009. Қазақстанның халық артисі А.Мұсахаджаеваның концерті, Дворжак залы, «Рудольфинум» (Прага, Чехия).

27-31 желтоқсан 2009. «Lauenen and Rougemont» жыл сайынғы жаңа жылдық музыка фестиваліне қатысу (Гштаад, Швейцария).

5-6 ақпан 2010. А.Мұсахаджаеваның қатысуымен Воронеж филармониясының концерті (Концерт залы, Воронеж).

29 наурыз 2010. А.Мұсахаджаеваның қатысуымен Қазақ ұлттық өнер университетінің Еуразиялық студенттік симфониялық оркестрінің

концерті, дирижері – Фуат Мансуров. (Орган залы, Астана).

1 сәуір 2010. А.Мұсахаджаеваның қатысуымен Қазақ ұлттық өнер университетінің Еуразиялық студенттік симфониялық оркестрінің концерті, дирижері – Фуат Мансуров. (Алматы).

7 сәуір 2010. Музыка-2010 фестивалінде А. Мұсахаджаеваның қатысуымен Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармонияның 75 жылдығына арналған концерт, дирижері – Ваг Папян (Алматы).

8 сәуір 2010. А.Мұсахаджаеваның қатысуымен Қазақ ұлттық өнер университетінің Еуразиялық студенттік симфониялық оркестрінің концерті, дирижері – Фуат Мансуров. (Кокшетау).

14-16 сәуір 2010. Смитсон институты мен «Шеврон» компаниясының қолдауымен АҚШ-тағы Қазақстан Республикасы елшілігінің ұйымдастыруымен Қазақ өнерінің фестиваліне қатысу (Вашингтон, АҚШ).

19 сәуір 2010. А.Мұсахаджаеваның қатысуымен Қазақ ұлттық өнер университетінің Еуразиялық студенттік симфониялық оркестрінің концерті, дирижері – Фуат Мансуров. (Қарағанды).

22 сәуір – 1 мамыр 2010. Қазақ ұлттық өнер университетінің Еуразиялық студенттік симфониялық оркестрінің «Еуропаға жол» бағдарламасын іске асыру және Қазақстанның ЕҚЫҰ-да төрағалығы аясындағы «Вена-Рим-Париж-Мәскеу» еуропалық концерттік туры, дирижері Ресей Федерациясының, Қазақстан Республикасының және Татарстан Республикасының Халық артисі Фуат Мансуров. Келесі концерт залдарында өнер көрсетті:

- 22 сәуір 2010. Musicferein Golden hall (Вена, Австрия);

- 24 сәуір 2010. Santa-Cecilia консерваториясының залы (Рим, Италия);

- 27 сәуір 2010. SalleGaveau (Париж, Франция);

- 30 сәуір 2010. П.И. Чайковский ат. Мәскеу мемлекеттік консерваториясының Үлкен залы (Мәскеу, Ресей).

1 мамыр 2010. Қазақстандағы Ресей Елшілігінің шақыруы бойынша Ұлы Отан Соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Қазақ ұлттық өнер университетінің Еуразиялық студенттік симфониялық оркестрінің концерті. Дирижері – Фуат Мансуров, жеке орындаушылар – Айман Мұсахаджаева (скрипка), Гульнур Саргизова (кылқобыз). (Зеленоград к., Крюково с. Дубосеково жол айырығында Волоколамск тас жолы, Ресей).

18 мамыр 2010. Халықаралық Альба фестиваліне қатысуы (Милан,

Италия).

22 мамыр 2010. «Академия солистов» Мемлекеттік камералық оркестрінің концерті, жеке орындаушы – А. Мұсахаджаева, дирижері Бақытжан Мұсақожаева. (Орган залы, Астана).

1 шілде 2010. Астана қаласы күнін атап өту аясында – «Академия солистов» Мемлекеттік камералық оркестрі мен Мәскеу консерваториясының дирижері Максим Федотовтің жетекшілігімен Еуразиялық симфониялық оркестрінің концерті, Биг-бенд және Қазақ ұлттық өнер университеті скрипкашыларының гранд ансамблі қатысты.

5-7 қыркүйек 2010. Тай филармониясы мен маэстро Гудни Эмильссон концертіне қатысуы (Бангкок, Тайланд).

18 қыркүйек 2010. ТМД симфониялық жастар оркестрінің концертіне қатысуы («Қазақстан» концерт залы, Астана).

16 қазан 2010. Виолончелист Миша Майскиймен (Израиль) концерт. («Қазақстан» орталық концерт залы, Астана).

2 қараша 2010. Дирижер Владимир Вербицкиймен (Ресей, Австралия) концерт. (Орган залы, Астана).

29 қараша 2010. «Академия солистов» Мемлекеттік камералық оркестрінің концерті, жеке орындаушы – А.Мұсахаджаева, дирижері Бақытжан Мұсақожаева. (Орган залы, Астана).

Желтоқсан 2010. ЕҚЫҰ-ға қатысушы елдердің мемлекет пен үкімет басшыларының Саммитіне орайластырылған Еуразиялық симфониялық оркестрі мен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік академиялық симфониялық оркестрінің сүйемелдеуімен концерт (Астана).

21 қаңтар 2011. Ресей Федерациясының «Дружба» орденімен марапатталуына орай Айман Мұсахаджаеваның «Академия солистов» Мемлекеттік камералық оркестрімен өнер көрсетуі, дирижері – Абзал Мұхитдинов (Қазақ ұлттық өнер университетінің Үлкен концерттік залы, Астана).

29 қаңтар – 2 ақпан 2011. «Академия солистов» мемлекеттік камералық оркестрінің сүйемелдеуімен Айман Мұсахаджаеваның концерті (Версаль, Париж).

13-14 ақпан 2011. Иорданиядағы Қазақстан Республикасы елшілігі мен Иордания королі Абдолла II қарындасы Рахма ханшайымның қолдауымен Король ал-Хусейннің мәдени орталығы мен Иордания музыка-



калық академиясында Еуразия симфониялық оркестрі мен (дирижері – Абзал Мұхитдинов) Қазақ ұлттық өнер университеті Халық оркестрінің (дирижері – Дәурен Глымов) концерті (Амман қ., Иордания).

15 наурыз 2011. Фредерик Шопен жылының ресми жабылуына орайластырылған фортепиано музыкасының гала-концерті (ҚазҰӨУ-інің Шопен залы, Астана).

18 мамыр 2011. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына Айман Мұсаходжаеваның қатысуымен ҚазҰӨУ-нің Еуразия студенттік симфониялық оркестрінің концерті (Атырау).

21 мамыр 2011. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына Айман Мұсаходжаеваның қатысуымен ҚазҰӨУ-нің Еуразия студенттік симфониялық оркестрінің концерті (Алматы).

8-28 маусым 2011. Айман Мұсаходжаеваның қатысуымен Қазақ ұлттық өнер университеті шығармашылық ұжымдары мен Абзал Мұхитдинов жетекшілігімен «Академия солистов» Мемлекеттік камералық оркестрінің Италия қалалары бойынша концерттік турнесі. (Венециядағы Альба фестивалі, Сицилияның Катанья, Кьети, Неаполь, Вивенто қалалары).

11-13 қазан 2011. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында «Академия солистов» мемлекеттік камералық оркестрінің сүйемелдеуімен Гала концерт (Пекиннің гранд театры, ҚХР).

11 қараша 2011. XIII «Музыкалық Сары-арқа» халықаралық фестивалі Қарағанды симфониялық оркестрінің концерті. Жеке орындаушылар: Айман Мұсаходжаева (скрипка, Астана) және халықаралық конкурстар лауреаты: Марко Шиаво (фортепиано, Италия), Серхио Марчехиани (фортепиано, Италия), Эльдар Сапаров (виолончель, Швейцария). Дирижер – халықаралық конкурстар лауреаты Гудни Эмильссон (Тайланд). («Шалқыма» концерт залы, Қарағанды).

14 желтоқсан 2011. Айман Мұсаходжаеваның басшылығымен «Дом твоей мечты» мюзиклі. (Бейбітшілік және келісім сарайы, Астана).

21-27 желтоқсан 2011. Айман Мұсаходжаеваның басшылығымен ҚазҰӨУ студенттік симфониялық оркестрінің концерті (Неаполь, Рим, Италия).

6-7 қаңтар 2012. «Астана – әлемнің мәдени астанасы» жылы аясында халықаралық орындаушылық тәжірибесін ұйымдастыруы (Женева, Швейцария).

7 наурыз 2012. Симфониялық оркестрдің сүйемелдеуімен Қазақстан

Республикасы мен Польша Республикасы арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың 20 жылдығына арналған жеке концерті, дирижері – Томаш Бугай (Фредерик Шопен Музыкалық университетінің концерт залы, Варшава).

23-31 наурыз 2012. Турин, Милан, Флоренция, Рим.

10 сәуір 2012. Классикалық музыка концерті, Жания Әубакирова (фортепиано), Денис Шаповалов (виолончель), Айман Мұсахаджаева (скрипка). (Barbican Hall концерттік залы, Ұлыбритания).

25 мамыр 2012. Классикалық музыка концерті, Жания Әубакирова (фортепиано), Денис Шаповалов (виолончель), Айман Мұсахаджаева (скрипка). (ҚазҰӨУ-нің Орган залы, Астана)

19 қыркүйек 2012. Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясының 78-ші маусымының ашылуында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік академиялық симфониялық оркестрінің сүйемелдеуімен концерт (Алматы).

Біз бүгін Айман Мұсақожаеваның репертуар байлығын, ең күрделі әймүйізді классиканы меңгеруі сияқты ұзақ сонар әңгімеге бармаймыз. Өйткені, ол жағы жұртшылыққа, әсіресе музыка сүйер қауымға әбден таныс және осы саладағы өсу, өрлеуі жыл өткен сайын дамып, шеберлігі де шыңдау үстінде.

Дегенмен, оның әлем классикасын еркін меңгеруі жайында сөз қозғаған жерде Айман репертуарының сан-салалы екенін де айтпай кетуге болмас. Олай болса, осы өнердің құдірет киесіндей Никколо Паганинидің ең алдымен ауызға түсіуі де заңды құбылыс. Біз осынау ұлы музыканттың әрі композитор болғанын да білеміз. Әсіресе, скрипкаға арнап жазған жиырмадан астам шығармалары күні бүгінге дейін оның ізбасарларының таусылмас «азығы» болып келеді. Одан әрі бұл тізім музыка әлемінің белгілі тұлғалары Бетховен, Брамс, Моцарт, Чайковский, Шостакович болып жалғаса түседі. Сондай-ақ, А.Вьетан, Э.Лало, К.Сен-Санс сияқты композиторлардың ғажайып шығармалары да ерекше орындау шеберлігін талап ететіні хақ. Айманның репертуарында да осынау ұлы тұлғалар туындылары аз емес. Әрине, бұларда И.Бах, Й.Гайдн сияқты әлемді таңдандырған композиторларда атамай өте алмайсыз. Олар соло концерт үшін скрипкаға арналып жазылған шығармалар және соната, пьесалар болып әр жанрға да бөлініп жатады десек бүгінде аты әлемге әйгілі скрипка өнерінің дарабозы игерген репертуардың сан-салалы болуы да заңды құбылыс. Репертуар мәселесінде Айман өз ұлтының озық шығармаларын да еш уақытта ұмытқан емес. Оған айғақ ретінде 1995 жылдан бергі репертуарына үңілсек, Ғ.Жұбанова, Е.Рахмадиев, Е.Брусилковский, Т.Қажығалиев, К.Шілдебаев, М.Бегалиев және тағы да



басқалардың шығармаларын және қазақтың халық музыкасын көруге болады.

Енді Айман Қожабекқызы өнер көрсеткен елдерді ойша шолып өтсеңіз, шығыста Жапония, батыста Еуропа елдері, Америка, тіпті жер шарының төрт бұрышын түгел аралаған болар едіңіз. Соның бәрінде дерлік шетел жұртшылығы аса үздік скрипкашының өнерін етанданып, ризашылықтарын білдіріп жатты. Сол жетістіктерді газеттен оқып, теледидардан көріп, біздің халқымыздың да еңсесі өсіп, бойларын мақтаныш кернейтіні де рас. Тек сырт елдерде ғана емес, Айман Қазақстанның барлық облыс орталықтары мен қалаларында, аудан орталықтары мен алыс ауылдарда да болып үлгерді. Әсіресе, Астана қаласында Қазақ Ұлттық академиясын ашқаннан бері, оған бойында музыкаға икемі бар жастарды молынан тарту үшін де еліміздің түкпір-түкпірін аралауы көбейе түсті.

Иә бағдарламасы жанаша құрылған осынау оқу орнын өзі ұйымдастырып, тіпті ғимарат құрылысын жаңадан жаңғыртуды да өз қолынан өткізіп, оның бар ауыртпалығын, бар бейнетін де көтере жүріп, ол өзінің сүйікті ісін бір сәтке тоқтатқан емес. Музыка Академиясының үйін қайта жөндеу тұсында құрылысшы киімін киіп, жұмыстың өнімді болуына жан сала кіріскен Айманды жұрт тағы да басқа бір қырынан танығандай еді.

Сондағы Айман айтқан әрбір істің дұрыстығын құрылыс мамандарының мойындауы да, оның қай мәселеде де зерделі, зерек екенін таныта түсті. Оның басшы ретінде ұйымдастырушылық шеберлігіне де жана бағдарлама жасауға қатысқан оқу ісінің мамандарының риза болғаны бар.

Біз Айман басқаратын Академияның жас түлектері еуропалық үлкен байқаулардан жүлделі орындарды иеленіп жүргеніне де талай рет куә болып жүрміз. Әсіресе, әрбір жас скрипкашының жеңісінде Айманның қолтаңбасы тұрғаны да анық. Міне, осындай қарбалас жұмыстарға қарамастан ол соңғы үш жылдан бері «Шабыт» байқауын ұйымдастыруға, оны жоғары деңгейде өткізуге белсене қатысып келеді.

Осы күндері скрипкашылардың Айман Қожабекқызы іргесін қалаған қазақстандық мектебі өсу, даму үстінде деп білеміз. Әрине соған орай өнер құралының да орындаушылар шеберлігіне сай болғаны абзал. Еуропада Страдивари мектебінің Паганини және оның ізбасарларының шеберлігін шыңдауына мүмкіндік бергені анық. Бізде де С. Әділов сияқты шеберлер

өзі сыңғырлап тұратындай жоғары сапалы скрипкашылар шығарса Айман бастаған музыканттардың ізденісі бұдан да жоғары дами берері сөзсіз.

Жоғарыда айтқанымыздай, тұма дарын ерінбей еңбек етудің, өз өнерін жан-тәнімен сүюдің нәтижесінде Қазақстан Республикасының Халық әртісі, халықаралық онға жуық байқаулардың жеңімпазы, халықаралық ЮНЕСКО сыйлығының лауреаты – «Әлем әртісі» атағы, халықаралық шығармашылық Академиясының академигі сияқты жоғары атақтарға ие болды. Ол сондай-ақ Қазақ Ұлттық музыка Академиясының ректоры, профессоры. Бұған қоса ол Мәскеу, Алматы, Бішкек консерваторияларының да профессоры, әрі Еуропада, Америкада, Оңтүстік Кореяда халықаралық мастер-класс сабағын да жүргізеді.

Біз жоғарыда Айманның концерттік гастрольмен өткен сапары жайында айтып едік. Ал, Айманды көгілдір экран арқылы көретін миллиондаған музыка сүйер қауым өз алдына бір төбе ғой. Сондай аудитория ауқымы кеңейген сайын Айманның өз халқын осынау жүрек қылын шертетін, жан-дүниенді елітетін музыка аспабы – скрипканы беріле тындауға, олардың көңіл көзін ашуға, классикалық музыканы түсінуіне ықпал жасап келе жатқаны да айдан анық.

Біз бүгін өнердің белгілі өкілі жайлы ойымызды айта отырып, классикалық музыканы орындау шеберлігімен әлем халқын тыңдандырған небір халықаралық байқауларда талғамы жоғары топтың өзін тәнті етіп, кәсіпкерлі жүлделерді қанжығасына байлаған Айман қызымызды өз еліндегі ең жоғары құрмет – Мемлекеттік сыйлыққа да әбден лайық деп білеміз.

*Егемен Қазақстан газеті,
27 қараша, 2000 жыл.*



АЛАШТЫҢ АҚМАҢДАЙ ҚЫЗЫ

Айман Мұсақожаеваның шығармашылық қызметіне – 25 жыл

Ұлы Даланың қарапайым да тағылымды даналығы: «Өнерлі өрге жүзеді», – дейді. Өнер ағысы – өмір ағысы. Толқымалы-толқынды, соқтықпалы-соқпақсыз. Дана Абай «мыңмен жалғыз алыстым...» деген ойының астары тым терең. Өмір де, өнер де – бәсеке. Ғұламаларды толғандырған зілмауыр ой – айналып келгенде, ұлт камы, руханият камы. Өнер өрісі осыған байлаулы. «Жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар» деп берілген бағаны ұлт танымынан тыс түсіру мүмкін емес. Ұлт – барымен де нарымен де әлем үйлесімділігінің негізі. Ендеше, XX ғасырда скрипка өнері бәйгесімен мәреге жеткен Айман Мұсақожаеваны «ұшқан құстай гуледі, табаны жерге тимеді» деп, алаштың бейнелі сөзімен сипаттасақ, ұлт пен әлем бағасын дәл көрсеткен боламыз.

Бүгінде Айман – батыстың талғамы жоғары қауымы үшін қазақ өнерінің рәмізіндей. Қазақстан тәуелсіздік алып, әлемге достық құшағын айқара ашқанда, алаш жұртына руханияттың елшісі іспеттес тұлға керек еді. Ол – Айман болып шықты.

Қазаққа Шығыс та, Батыс та керек. Шығыс – тамырымыз, дін мен даналық қайнарымыз. Батыс – «өнер-білім бар жұрттарымыз». Әлем құлақ асқан мәдени ұйым ЮНЕСКО, биік дәрежелі өнер ордалары осы Батыста. Олай болса, Айманның Батыс сапары – әлемдік сапар деу орынды. Алайда, ділі мен дініне берік қазақ қызы Батыстың қай биігін бағындырса да Ұлы Даланы әлдилеген шығыстың перзенті болып қалмақ. Бұған ғалам куә, қазақ куә, өнер куә.

Өнер дегеннен шығады, 1925 жылы әйгілі әнші Әміре Қашаубайұлы қазақ ішінде тұңғыш Батысқа (Франция) аттанарда Мәскеуде жүрген Алаш көсемі Әлихан Бекейхан Орынбордағы Ахмет Байтұрсынұлына мынадай мазмұнда хат жазады: «Париж мәнді әнді талап етеді... Мен оны бірыңғай әншілердің үйіне апарып, ән салғыздыртам. Көп ұлт жиылған жерде оқ бойы озық болсын деймін ғой». Қандай жауапкершілік десеңізші. Әлихан үшін ұлт мерейі – қашан да биік ұғым.

Қазақстан Президенті Н.Назарбаев және еліміздің басқа да қалаулы азаматтары А.Мұсақожаева өнеріне қолдау мен жанашырлық білдіргенде

және ісі қазақ осы скрипкашы Батыс сахналарына өнер көрсетуге аттанғанда, елде отырып баласын бәйгеге қосқан ананың «тақымын қысқанындай» күй кешкенде, ойымызға Ә.Бөкейхан қасиеті оралады. Бұл – біздің елдігіміздің белгісі.

Айман – қазаққа 68 жыл елорда болған Алматының төл перзенті. Өнерге құштар зиялы Мұсақожаұлы Қожабек балаларының бәрін «музыкаға берді». Батыс тілімен айтсақ, қасиетті муза Мұсақожаеваларды баурап алды. Отбасының ықыласы мен мейіріне бөленген Айман алғаш К.Байсейітова атындағы Республикалық арнайы музыка мектебінде (профессор Н.Патрушеваның сыныбы), сонан соң П.Чайковский атындағы Мәскеу мемлекеттік консерваториясында және оның ассистентурасында (профессор В. Климовтың сыныбы) оқыды. Мұнан кейін Қазақстанның биік өнер ошақтарында қызмет жасады. Өнер жолында күн-түн демей тер төкті. Бес бірдей беделді халықаралық конкурстарда лауреат атанды. Елбасы Н.Назарбаевтың азат қазақты дүние жүзіне таныту орайындағы саяси миссиясын А.Мұсақожаева өнер миссиясымен толықтырды. Еуропа мен Азияның және АҚШ-тың ең таңдаулы сахналарында «қазақтың қызы» деп мақтауға әбден тұрарлық Айман әлемнің дара композиторларының шығармасымен бірге алаштың қаны мен жаны сіңген М.Төлебаев, А.Жұбанов, Е.Брусиловский, Ғ.Жұбанова, С.Мұхамеджанов, Е.Рахмадиевтердің туындыларын орындады.

А.Мұсақожаева – тек талантты музыкант қана емес, шебер ұстаз, көрнекті ұйымдастырушы да. Мұны басқа-басқа, Астана жұрты жақсы біледі. 1998 жылы Президент Н.Назарбаев Айман ханымның Астанада музыка Академиясын ашу туралы идеясын қолдағаны – елордаға үлкен абырой болды.

Қазақ Ұлттық Музыка академиясы соңғы жылдардың бедерінде Музыка Академиялары мен консерваторияларының Еуропалық Ассоциациясына кірді, басты әріптесіміз Ресейдің ықыласына беленіп, П.Чайковский атындағы Мәскеу консерваториясының ынтымақтасы атанды. Білім ордасының ректоры А.Мұсақожаева Италияда, Германияда, Австрияда, АҚШ-та, Кореяда, Ресейде, Қырғызстанда шеберлік сыныптарын өткізді. Түсінген адамға оның бәрі аз еңбек емес. Мұның сыртында ол «Солистер академиясы» Мемлекеттік камералық оркестрін құрды. Қазір бұл өнер ұжымын бүкіл дүниежүзі біледі. Мемлекетіміз А.Мұсақожаеваның осынау орасан еңбегін лайықты бағалап келеді. Ол – Халық әртісі және Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты. Биыл қазақстандық іскер-меценаттар өнерпазды I дәрежелі «Платина-Тарлан» сыйлығымен марапаттады.



Бұған ЮНЕСКО тағайындаған «Әлем әртісі», Ватиканның «Аскак өнер біліктігі» сыйлығын қоссақ, Айман жұлдызының биіктігі аңғарылады.

Әлемдік өнердің айдынында Айманның ақ желкені көтерілгелі бері 25 жыл өтіпті. Әрине, алғаш ол елінде танылды. Дегенмен, әлемнің ықыласы А.Мұсақожаева өнерінің болмысынан қазақты таныды. Қазақ қызы орындаған Батыс композиторларының шығармасының бітімінде скрипкашы-музыканттың сезімі, жаны, көңіл-күйі жоқ деп кім айта алады?.. Бірде Айман ханымның аузынан: «М.Төлебаев пен А.Жұбанов туған ұлт тоқырап қалмайтынына сенемін», – деген сөзді естіп едік. Бұл сөздің астарында қаншама арман, мүдде жатыр десенізші. Немесе, белгілі журналист Т.Батырханға берген сұхбатында музыкант: «Скрипканың бабасы – қобыз» – дейді. Осы ойда да тереңдік пен тағылым бар. Шығыс пен Батыс мәдени алмасулары сөз болған жерде, әйгілі Әл-Фараби сазшы, данышпан жазған «Музыканың Ұлы кітабын», оның XIV ғасырларда-ақ Еуропа елдеріне аударылуын, ислам нәрімен сусындаған Кордова мен Андалузияны (Испания) естен шығарамыз ба? Айман пайымы осы тамырларға жетелейді. Скрипкашының мұндай пікірі салалана, жүйелене беретініне сенеміз. Қазақтың біртуар ұлы Олжас Сүлейменовтің айтқаны бар еді: «Әлемдік құндылықтарда ұлтыңның үлесі бар екенін сезіну – бар бақыттың басы», – деген. Бұл бақыт Айманға да бұйырды деп есептейміз. Астана халқы әлем таныған өнерпаз Айманды жақсы біледі, ал оның мейірім шуағына бөленген отбасын жіті білмейді. Бірақ шабыт пен көңіл-күйдің қайнары – отбасы екенінде дау бар ма? Айманның жұбайы Асқар Бекбаев – тегі ұлы Абайға ет-жақын туыс, нақты ғылымдардың иесі, бүгінде іскер азамат. Ұлы Мерей – бір кездері музыкаға баулынса, қазір әке жолымен математика-физика ілімдерін игеріп жүрген жас ұлан. Иа, қазақы түсінікпен айтсақ, Айман – Абай ауылына келін. Өлі есімізде, осыдан бірер жыл бұрын Абай туыстары ақынның Астанадағы ескерткішінің ашылуына орай елордаға келгенде, әйгілі скрипкашы «асылдың сынықтарын тік тұрып қарсы алды, құрметтеп күтті. Бұған риза болған қария жасындағы Абай жұрағаты: «Өркенің өссін!» – деп, Айман баласына бата берді. Өнерпаз үшін бұл батаның орны ерекше еді. Енді бұл бата әлемдік талай сахналарда өнер көрсететін скрипкашы Айман Мұсақожаеваны қорғап, қолдап жүреді деп білеміз.

*Астана ақшамы,
27 сәуір 2002 жыл*

ӨМІРІ ӨНЕРМЕН ӨРНЕКТЕЛГЕН СКРИПКА ХАНШАЙЫМЫ

Айман Мұсаходжаева

Жаратушы иеміз музыканы бос кеңістікті толтыру үшін емес, ол адам баласының тіршілігі үшін аса қажет болған соң жаратқан болар. Музыка тіршіліктің дәмдеуіші де, адамзаттың рухани денесінің әшекейі де емес. Ол жоғары мақсаттылық пен аса жоғары мәннің ұштасуы. Бәрін де сақтап тұрған және бәрін де жасап тұрған бір ұлы бастау бар, музыка сол бастаудың құдіретті бір саласы.

Ал оны жеткізіп беретін музыкант ше?

Айман Мұсакожаева!

Оның бар болмысы тұнып тұрған шеберлік. Әуенімен араласып кеткен музыкантқа қарай қалсаңыз, мұның қайсысы әуен, қайсысы скрипка, қайсысы орындаушы екендігін айыра алмай қаласыз. Музыкант та жоқ, скрипка да жоқ, тек тындаушыны билеп алған құдіретті әуен ғана бар. Әуеннің ырғағында саусақтардың ғажайып мерекесі жүріп жатқандай.

Хас шеберлік те – қалт-құлт етіп тұрған нәрсе. Әсіресе музыкант үшін бұл – дәл солай. Музыканың теориясы санада сатырлап тұрғанымен, кешегі дайындығың ертең де, бүрсүгіні де саусақтарында сап түзеп тұра бермейтіні анық. Тіпті шеберліктің саусақтардан сыпырылып түсе қалуы да қиын емес екен. Шеберлік күн сайын шыңдалып қана өмір сүріп, олар сонда ғана пернелердегі әуеннің өзіндік траекториясын дәл табады. Сонда ғана бұғынып жатқан әуеннің өзіндік географиясын жатқа соға алады. Сол кезде сағақты бойлап кетіп бара жатқан пернелер керуенінен әуендер керуені селдей соғады.

Тұмар, 2011. – (№3). – Б. 12-19.



ЛУННЫЙ СВЕТ НА СОЛНЕЧНОМ НЕБЕ

Я думала об этом материале, пока летела из Астаны в Москву и потом, когда наш самолет стоял на «приколе» в аэропорту Внуково (рейс отложили из-за репетиции парада). И уже потом, по дороге домой. В Астане утром было зябко, в Тель-Авиве обдало жаром, будто из печи. В сонном израильском хамсинном мареве плыли облака в небе, сонно текли машины по шоссе. По радио рассказывали о том, кто какой портфель получит. И еще про то, как трагично бьется тело земли в Непале, и - что Израиль открывает там полевой госпиталь. «Что с нашими альпинистами?» Таксист покачал головой: надеемся, что все хорошо. Шум, голос диктора, солнечный свет сливались, и казалось, что жарко от шума, а диктор слепит лучами. Музыка плыла где-то далеко, за облаками. А я все прокручивала про себя, что напишу про нее. Как расскажу про прекрасную женщину, яркого музыканта, ректора университета искусств в Астане, народную артистку Казахстана, профессора, академика, Артиста мира, знаменитую скрипачку Айман Мусахаджаеву.

Виолончелист Игорь Гаврыш сказал о ней: нежный подснежник с корнями дуба... Она – слава искусства Казахстана. Ее любят, о ней говорят. Лунное сияние в ее глазах (ее имя – Айман – значит «лунолика») и солнечная улыбка – такая она, артистка фирмы «Дойче Граммофон». В музыке Айман Мусахаджаева ищет собственные пути, наполняет ее своими сюжетами, расставляет свои акценты. Когда она играет Скрипичный концерт Брамса, слушателя охватывает светлое и чистое благоговение. Будто вся брамсовская жизнь, драматичная, одинокая, смятенная, проходит перед внутренним взором. С этой музыкой становишься взрослее и мудрее. А ее «Размышление» из оперы Массне «Таис» кажется женской исповедью, написанной светящимися красками. На концерте в зале Иерусалимского театра в тот приезд Айман будто облекала в звуки скрипки собственные сердечные волнения, и оркестр, наш Иерусалимский симфонический, шел с ней вместе этим тайным и загадочным путем. Бывают концерты (и мы все на таких многократно бывали!), когда после музыки остается обрывок мелодии, воспоминание о чем-то не очень стройно или вполне складно прозвучавшем – и все. Память стирает эмоцию, до конца. Говорим «да,

был, слышал». А больше нечего и добавить. Айман Мусахаджаева играет, как колдует. Без позы и аффектации. Вплетает звуки в узор космического ковра. Мягко даже на самых опасных поворотах, при самых шквальных темпах. Ее горделивая фраза никогда не звучит пусто, не становится формальной, второстепенной. Она волнует зал. О музыке, которую несет эта скрипачка, хочется слагать стихи.

И ее не забыть... Тогда в Иерусалиме я после концерта к ней не подошла. Казалось невозможным заговорить обычными словами после чего-то небесного, волшебного... Такси мчится по шоссе. Я уже дома. А думаю о скрипичном золоте Мусахаджаевой. Мне повезло - и госпожа ректор согласилась дать интервью. Я сидела в ее светлом кабинете. В национальном университете искусств Казахстана. Накануне президентских выборов. Хозяйка - в белом пиджаке с приколотой к нему золотой звездой героя страны, красивая, приветливая. День субботний, в большом зрительном зале университета идет репетиция концерта студентов. Там танцуют под музыку Минкуса и Боккерини, плывут в народном хороводе. Там идет радостная работа, ведь без радости не бывает искусства.

- Как вы ежедневно начинаете в этих стенах свой рабочий день? Смотрите в зеркальце? Листаете ежедневник? Сердитесь, что там всего много запланировано?

- Зависит от того, какой день. Бывают ведь очень трудные! Но я счастлива, что все это у меня есть. И этот труд, и этот университет. Видите, у меня в кабинете портрет нашего президента? Это он меня поддержал, понял, когда я после одного из своих концертов сказала, что надо создать в Астане национальный университет искусств. И теперь я больше всего хочу иметь силы и время продолжать.

- Кто в искусстве вас вдохновляет? Кто для вас пример в жизни и творчестве?

- Владимир Спиваков. Он мой давний друг, еще со студенчества. Это удивительный человек и музыкант! Всегда идет вперед, никогда не стоит на месте. Много раз я удивлялась его поступкам. Он как-то купил в Париже две скрипки. Очень хорошего мастера, эксперта по инструментам Сержа Буайне. Маленькие скрипочки, для начинающих. И привез их мне. «Зачем?» – спросила я. «Пусть дети учатся!» – ответил он мне. И мы дали эти инструменты двум талантливым мальчикам, которым дома не могли купить скрипки. Дети выросли, стали профессиональными музыкантами.



Играют в оркестре «Академия солистов».

- Вы ведь создали этот коллектив?

- Да, я много с ним играла. Очень его люблю.

- С какого момента вы стали человеком из страны Музыка?

- С той минуты, как старшая сестра Римма (она была старшая из восьми детей в нашей семье) записала меня в музыкальную школу. Риммы давно нет на свете – а я живу, стараюсь жить как можно ярче и полнее – это и за нее, в память о ней... С шести утра начинались занятия – я жила в интернате, одни уроки сменялись другими. Занималась почти все время. Утром, вечером. Кто-то гулял во дворе, играл в детские игры – а я училась. Музыка это труд, дисциплина, и я знаю, как надо трудиться. В этом-то все и дело...

- Вы играли в Израиле, выступали с нашим Иерусалимским симфоническим оркестром...

- ...дирижировал Дмитрий Яблонский...

- Как вам игралось у нас? Какое впечатление произвел на вас Израиль?

- Это удивительная, талантливая страна. Страна, которая умеет радоваться и работать. Мне очень приятно было у вас выступить. Меня вдохновило и согрело то, что публика понимает, какую музыку она идет слушать. И ждет уровня, качества. И умеет оценить исполнение. Мне рассказали, что у вас есть такой праздник, такой день в году, когда сажают деревья. Вся страна выходит – и сажает деревья. И молодежь, и школьники. Это меня очень порадовало, такие вещи, такие порывы и делают землю счастливой, а народ богатым и сильным.

- Вы хотели бы еще раз приехать к нам?

- Конечно! Я мечтаю сыграть с вашим филармоническим оркестром, выступить с таким дирижером, как Зубин Мета!

- Я слушала в зале вашего Брамса. Слышала записи, сделанные на студии «Дойче граммофон», с которой вы много и серьезно сотрудничаете. Живой концерт – это явление иного порядка. Электричества больше. Концертный наряд, платье, в котором вы предстаете перед публикой, тоже имеет художественное значение, выбирается не случайно?

- В сценическом выступлении, мне кажется, нет случайностей. Особенно, когда речь идет о музыке, Брамса я играю в алом. Для Бетховена

у меня есть что-то синее или фиолетовое. Есть разные оттенки голубого. Серебряные блики... Цвет помогает найти нужный уровень эмоций. А вот черное меня не радует и не вдохновляет. Я нечасто надеваю этот цвет.

- Что вы делаете, чтобы сохранить красоту?

Она смеется весело, совсем по-девчоночьи.

- Да все делаю, йогу, пилатес, могу постоять в позе цапли...

- Сегодня культура находится в особенно трудном положении. Телевидение и радио захлестывают волны бездуховной и бездушной продукции. Все это тиражируют, этому поклоняется молодежь. Все хотят быть похожими на людей с экрана, с обложки глянцевого журнала. Моделью быть престижнее, чем учителем. Три слова с покачиванием бедер, спетые с экрана, дают больше авторитета, почета, чем трудная, виртуозная оперная партия. Серьезная музыка оказывается в проигрыше по всем показателям. Духовность – это мираж в пустыне. Нам до нее не дойти? И как нам с этим жить? Как вы чувствуете себя в этом жестком круговороте рекламы и безграничной попсы?

- Меня очень обижает, пугает и печалит все это. Культура – это многогранный кристалл. Его сияние дисциплинирует и очеловечивает. Вносит суть во все. В отношения людей, в жизнь страны, в стремление вперед, в критерии творчества. Серьезная музыка, умный театр, – крылья души, нация без крыльев не взлетит. Уродство современного телевидения очень опасно. Оно калечит и развращает душу. Наш университет – планета культуры. Во имя культуры мы работаем. У наших воспитанников есть будущее – и они сами несут веру в будущее стране. Из далеких сел и аулов приезжают к нам учиться музыке и театру, балету и кино. В прекрасном театре оперы и балета Астаны работают наши выпускники. Для студентов построили удобное общежитие, это 25-этажное здание квартирному типу.

- ...Я видела ваши классы и учебные студии – и позавидовала вашим студентам!

- Спасибо! Но нам еще много предстоит сделать.

- О чем мечтает ректор Айман Мусахаджаева?

- Чтобы жил и расцветал университет, чтобы звучала музыка в моей стране, чтобы все это никогда не заканчивалось!

30.04.2015



«МУЗЫКА – МЕНІҢ ӨМІРІМ»

Өмірі өнермен өрнектелген, скрипка ханшайымы – Айман Мұсақожаеваның есімі қазақ жұртына ғана емес, әлемге мәлім. Музыка саласындағы жоғары жетістіктері үшін оған Қазақстан Республикасының халық артисі, Халықаралық шығармашылық академиясының академигі атағы, ЮНЕСКО-ның шешімімен «Әлем артисі» құрметті атағы берілді. 2000 жылы Мемлекеттік сыйлыққа ие болды. Қазақстан меценаттар клубы «Платинді Тарлан» сыйлығымен марапаттады.

Шығыс әуенінің нәзіктігін, сезімталдығын Еуропаның музыкалық мәдениетінің көпқырлығымен үндестіріп, ұлттық өнерді әлем халқына танытқан Қазақ ұлттық өнер университетінің ректоры Айман Мұсақожаева талай талантты жастарды тәрбиелеп келеді. Тәуелсіздік күні қарсаңында «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын алған Айман Қожабекқызымен жүздесіп, әңгіме өрбітудің де сәті түсті.

- Айман Қожабекқызы, елімізде алған атақ-даңқтар өз алдына, ЮНЕСКО-ның «Артистер бейбітшілік үшін» құрметті атағын алып, есіміңіз Кембридж университеті жыл сайын жариялайтын «XX ғасырдың 2000 атакты музыканты» атты бүкіләлемдік беделді тізімге енді. Осындай жетістіктерді еншілегенде қандай сезімде болдыңыз?

Адамды адам қылатын, тұлға қылатын – еңбек. «Сен істі сүйсең, іс саған бас иеді» деген екен ата-бабамыз. Осы қағиданы өмірлік жолымда мықтап ұстанғанмын. Сонымен қатар өнер жолында маған батасын берген атақты композитор Арам Хачатурян: «Сен атақты музыкант боласың. Есінде болсын, соған жетудің үш-ақ жолы бар, олар – еңбек, дарындылық және шыдамдылық» деген еді. Бүгінгі бар менің жетістігім сол төзімділік пен қажырлы еңбектің арқасында келген, әр атақ-даңқтың өз несібесі бар деп білемін. Кезінде ЮНЕСКО-ның «Артистер бейбітшілік үшін» құрметті атағын алғанымда қатты қуандым. Бірақ өзім үшін емес, өз өнерім арқылы көк туы желбіреген тәуелсіз тұғырлы еліміздің атын әлемге таныта білгеніме қуандым. Әр келген атақ-даңқтың өз қуанышы, өз қызығы болады екен. Менің әр жеткен жетістігім, тек халқымның ыстық ықыласы мен ақ ниетінің арқасында деп білемін. Сондықтан да менің жетістігім, халқымның жемісі, халқымның мерейі болып табылады.

– Өнер жолы оңай жол емес екені анық. Ата-ананыңың өмір жолын таңдаудағы ықпалы қандай болды? Бүгіндері немереңіз де скрипкада ойнайды, оның болашағынан қандай үміт күтесіз?

– Алматы қаласында дүниеге келдім. Асқар тау әкем де, аяулы анам да өнерден кенде болмаған жандар. Жұмыстан кейін кешкісін әкем қолына сырнайын алып, небір әсем әуендерді үй ішінде әуелететін. Өздері өнерді ұлықтағаннан болар, қызғалдақтай жайқалып келе жатқан төрт қызын да өнер жолына баулыды. Ата-ананың өнерге деген құштарлығынан ба, әйтеуір апалы-сінлілі төртеуіміз де таңдаған аспабымызды жетік меңгеріп әкеттік. Солай балалық шағым музыка өнеріндегі биік белестерді бағындырумен басталды. Аспабынның қыр-сырын түсініп, оның құлағында ойнап, онымен біртұтас әлемге айналу үшін ұстаздар берген тәлім аздық етеді. Сабактан кейін де өздігіннен 3-4 сағаттық дайындық қажет. Сол себепті де балалықтың армансыз, ессіз асыр салып ойнауы менде болған жоқ. Мен К.Байсейітова атындағы музыкалық мектептегі Н.М. Патрушеваның скрипка сыныбына түстім. Жеті жасымнан бастап концерттерге қатыса бастадым. Он үш жасымда алғаш рет оркестрмен К.Сен-Санстың «Интродукция және Рондо каприччиозо» атты шығармасын жеке орындадым. Нина Михайловна көзі көрінген бұлақты міндетті түрде ашатын атақты ұстаз, менің де болашағыма жол ашқан асыл жан. Кәсіби музыкант ретінде әрі қарай қалыптасуым П.И. Чайковский атындағы Мәскеу мемлекеттік консерваториясында әйгілі скрипкашы, Ресейдің Халық артисі, П.Чайковский атындағы байқаудың бірінші жүлдесінің иесі профессор Валерий Климовтың сыныбында өз жалғасын тапты.

Мен үшін музыка – менің өмірім. Сенерсіз, музыкасыз өмірдің мәні жоқтай көрінеді маған. Иә, менің немерем де қазір өнер жолында. Ол мұны өмірлік ісі ретінде таңдаған емес. «Өнге әуес, күйге құмар бала жаны сұлу, өмірге ғашық болып келеді» деген екен М.Әуезов. Сол рухани байып, өнерді сезініп, өнерді түсіне білу мақсатында немерем алғашында скрипкада ойнаған, қазір флейта аспабын меңгеріп жүр.

– Әлемнің әйгілі сахналарында өнер көрсетіп, Қазақстанның абыройын асқақтатып жүрсіз. Жалпы Қазақстанды, соның ішінде қазақ өнерін өзіңіз барып жүрген шет мемлекеттер қалай бағалайды?

– Шетелдердегі концерттерде Евгений Брусиловский, Ғазиза Жұбанова, Тілес Қажығалиев, Еркеғали Рахмадиев тәрізді отандық композиторлардың шығармаларын жиі орындаймын. «Музыка тілі ортақ тіл» деп тегін айтылмаса керек-ті. Сондықтан да шетелде біздің музыканы ыстық ықыласпен қабыл алады. Әр концертімізде халықтың толассыз



қошеметіне бөленеміз.

– Скрипканың түп атасы – қобыз деген бар. Осы екі аспап арасындағы рухани байланыс туралы не айтасыз?

– Қазақ қобызы барлық ішекті аспаптардың түпнұсқасы екенін этномузыкатану ғылымы да дәлелдеген. Мысалы, бұл туралы белгілі неміс ғалымы В.Бахман өз еңбектерінде жазып кеткен. Ғалымдар бұндай тұжырымға көптеген халықтардың аспаптарын органологиялық құрылым жағынан салыстырмалы зерттеудің негізінде көз жеткізген.

Қобыздың түпнұсқасы Орталық Азияда пайда болып кейін бүкіл әлемге тарап кеткен. Әр халық оған өзгертулер енгізіп, өзінің мәдениетіне лайықтап қолданған. Нәтижесінде қазір біз ішекті-ысқышты аспаптардың көптеген түрлерін кездестіре аламыз. Солардың ішінде халық аспаптарымен қатар еуропалық классикалық аспаптарды да атауға болады. Қобыз бен скрипканың көне байланысы туралы олардың түпнұсқасының ортақтастығын атауға болады. Бұл аспаптардың нағыз өзара байланыстары ХХ ғасырда басталып қазіргі кезде өз жалғасын тауып жүр. Бұл байланыстар аспаптық-музыкалық шығармашылықтың барлық жақтарын қамтиды.

– Еліміздегі жастардың классикалық музыкаға бет бұрысы қалай? Шәкірттеріңіз жайлы бірауыз айта кетсеңіз.

– Классиканы тыңдайтын жастардың қатары аз емес. Тек бір әттегенайы осы жас буынның негізгі бөлігінің музыкадан сауаттылығының жоқтығы қынжылтады. Сол себепті де олар әлем классикасына жақындап, симфониялық оркестрді тыңдап, халық музыкасының сұлулығын толыққанды сезіне алмайды.

Жалпы білім беретін мектептерде музыка пәніне аптасына 1 сағат қана бөлінген. Баланың бойында музыкалық талғамның кішкентайынан қалыптасып, тәрбиеленгені жөн десек, бұл 1 сағат тым аздық етеді. Музыкалық сауаттылығы мол, сезім талғамы бар, музыкалық жанрларды талдай алатын жас буынның қатарын көбейту – мәдениетті қазақ жастарының ортасын қалыптастыруға септігін тигізеді. Классикалық музыканы қолдан келгенше әлеуметтік желілерде, радио толқындарынан, телеарналардан, түрлі науқандар өткізу арқылы насихаттағанымыз жөн деп ойлаймын.

Қазіргі таңда Ордабек Дүйсен атты шәкіртім Филадельфия мемлекеттік оркестрінің концертмейстері. Владимир Дё атты шәкіртім Америка тұрғыны және сол жақтағы классикалық концерттерге үнемі қатынасып тұрады. Айнұр Кабенова атты шәкіртімнің өнердегі жолы

Канадада жалғасын табуда. Мұхтар Қалдаяқов – Алматы опера театрының дирижері. Дастан Балагумаров университетті жақсы тәмамдап, осында ішекті аспаптар бөліміндегі студенттерге сабақ береді. Ал Ермек Магауин өз университетіміздің колледжінде сабақ береді. Сондықтан өз шәкірттеріміздің де, олардың шәкірттерінің де жемісін көріп жүрмін.

– Жуықта өткен брифингте халықтың музыкалық мәдениетін көтеру үшін арнайы бағдарлама қабылдануы керектігін, ән-күй сабағын жандандыру жайлы айттыңыз. Бұл бағдарламада не қамтылуы керек? Жалпы өнерді дамыту үшін елімізде қандай жұмыстар атқарылуы керек?

– Халықтың өнерге құштарлығын арттыру үшін халық шығармашылығына ғана қатысты емес, бүкіл музыкалық мәдениетімізге арналған бағдарлама керек. Кеңес дәуірінде музыкалық білімді, ғылымды дамытудың нәтижелі тетігі болған. 90-жылдардағы өтпелі кезеңде біз бұлардан айырылып қалдық. Сол жоғалтқандарымызды біз енді ғана қайтара бастадық.

Музыкалық білім мен орындаушылық қабілеттер балалар музыкалық мектебінде бастау алады. Сондықтан біз балалар музыкалық мектебіне аса көңіл бөлуіміз керек. Бұнда шешілмеген мәселелер көп, солардың бірі – балалар музыкалық мектебіне тағылған және оларға кері әсерін тигізіп жүрген «қосымша білім» деген дәрежені алып тастау.

Жалпы білім беретін мектептерде музыка пәндерінің сағаттары барынша қысқартылған. Сол сияқты музыкалық колледждерде де арнайы музыкалық пәндер қысқартылған. Әрине, бұның бәрі маман даярлаудың сапасына кері әсерін тигізеді.

Шешімін күтіп тұрған тағы бір мәселе – Оқушылар сарайында, клубтар мен шығармашылық үйлерінде хор, ансамбльдер, оркестрлер үйірмесін жандандыру. Бұрын әр зауытта немесе фабрикада өздерінің үрлемелі аспаптар оркестрі болатын, ал жоғары оқу орындар арасында халық аспаптар оркестрінің байқаулары өтетін. Міне, музыканың осындай салаларын жандандырсақ, біз халыққа нағыз бұқаралық музыкалық-эстетикалық тәрбие беру жұмысын қолға ала аламыз.

Арнайы бағдарламаны қажет ететін тағы бір мәселе – ұлттық музыканы шетелдерге насихаттау. Бұл мәселені шешу жолдары көп, солардың бірі – біздің және шетел елшіліктерімен тығыз жұмыс істеу. Сол елшіліктер арқылы біз өз өнерімізді бүкіл әлемге таныта аламыз.

– Әңгімеңізге рахмет!

14 қаңтар 2015 жыл



ВСЯ ЖИЗНЬ – СТРЕМЛЕНИЕ ВПЕРЕД

Ее блестящей игре рукопещут и в родном Казахстане, и в других странах. Основанный ею в Астане Казахский Национальный университет искусств уверенно обретает авторитет на республиканском и международном уровнях.

ИСПОЛНИТЬ ЗАДУМАННОЕ

Айман Мусахаджаева – народная артистка Казахстана, лауреат Государственной премии РК, лауреат и дипломант международных конкурсов и фестивалей, единственный у нас в стране лауреат престижнейшего конкурса им. П.Чайковского, лауреат премии «Платиновый Тарлан», ректор Казахского национального университета искусств, академик Международной академии творчества, обладатель звания ЮНЕСКО «Артист Мира». Ее имя внесено во Всемирный почетный список ИВС «2 000 выдающихся музыкантов XX века», в энциклопедический словарь Кембриджского университета «Выдающиеся музыканты XX века», она почетный гражданин Астаны. За вклад в развитие российско-казахстанского сотрудничества в области культуры и образования Айман Мусахаджаева награждена орденом Дружбы.

Ее авторитет в мире музыки непререкаем. На нее хотят быть похожими все маленькие скрипачки страны, а ее биография стала, пожалуй, хрестоматийной...

В шесть лет она пришла в республиканскую музыкальную школу-интернат им. К.Байсеитовой, в семь – начала выступать в концертах, в тринадцать – впервые с оркестром исполнила Интродукцию и Рондо-каприччиозо Сен-Санса. Легендарный отечественный педагог Нина Михайловна Патрушева, стоящая у истоков создания скрипичной школы Казахстана, выделила талантливую девочку, отметив проявившиеся в ней с детства потрясающую работоспособность и колоссальную волю: «Что она задумала, всегда будет исполнено».

– Музыканту важно угадать свой инструмент, Айман родилась для

скрипки, – вспоминала заслуженный педагог и заслуженный деятель РК, профессор Н.Патрушева. – Училась она, конечно, очень легко. У нее гениальная память, а у нас это даже больше значит, чем слух, ведь слух можно развить. Она очень быстро учит произведение и не боится сцены. Айман будет долго выступать, ведь в ней не пропадает интерес снова и снова углубляться в знакомую музыку и делиться своими открытиями с публикой.

В седьмом классе Айман сыграла для самого Арама Хачатуряна. «Айман, ты будешь великой скрипачкой!» – написал на нотах своего скрипичного концерта выдающийся композитор XX века.

В 1976 году был ее первый международный конкурс в Белграде, потом будут учеба в Московской консерватории (класс народного артиста России Валерия Климова), победы на конкурсах в Генуе, Токио, Хельсинки и в Москве – на VIII Международном конкурсе им. П.Чайковского. Спустя годы скажут, что тогда начиналась новая эра казахстанской скрипичной исполнительской школы.

ПОСТИЖЕНИЕ ТВОРЧЕСТВА

В репертуаре Айман Мусахаджаевой – музыкальные произведения различных эпох, стилей и жанров. Артистка выступает в лучших концертных залах Европы, Азии, США, сотрудничает с известными музыкантами, имеет записи CD с ведущими камерными и симфоническими оркестрами мира – Winner Symphonicer Orchestra, Royal Symphony orchestra, Национальным симфоническим оркестром России, Европейским молодежным симфоническим оркестром и другими коллективами под управлением Владимира Ашкенази, Павла Когана, Владимира Спивакова, Саулюса Сондецкиса, Михаила Плетнева и многих других.

Ее имя собирает залы в любой точке мира, и везде звучит восторженное «Браво!». Специалисты справедливо отмечают, что Айман Мусахаджаева – явление в нашей культуре необычное. В ней Казахстан впервые получил скрипача мирового уровня, и это признали музыкальные столицы – Москва и Париж, Рим и Нью-Йорк, Берлин и Токио... Про таких музыкантов говорят: если его хотя бы раз услышишь, то уже не забудешь. Замечательно написала о мастерстве Айман Мусахаджаевой журналист



«Казахстанской правды» Любовь Шашкова: «Ее талант ярок и светоносен, она выходит на сцену – и становится очевидно, что вышел художник-творец, наполняющий известные произведения своим видением, своим чувствованием, своим постижением».

– Может, кто-то считает, что в молодости я как музыкант была интереснее, ярче, но я знаю, что настоящая красота приходит со временем, это внутренняя красота, красота содержания, – рассуждала в одном из интервью Айман Кожабековна. – Ты уже можешь сравнивать, тебе открывается глубина произведения, которую ты стараешься выразить. Здесь решаются задачи философского значения. Ты ощущаешь себя личностью. Это совсем другое творчество. В нашем классе у Нины Михайловны Патрушевой были написаны слова Бетховена: «Пальцы бездействуют, когда ум молчит». Даже эту знакомую мысль постигаешь уже по-другому.

Каждое выступление Айман Мусахаджаевой – открытие. Она вдохновляет слушателей, а это дано далеко не каждому большому музыканту...

В НАЧАЛЕ СЛАВНЫХ ДЕЛ

Природная музыкальность, талант, Божий дар... Но в основе настоящего признания и настоящей, состоявшейся творческой личности всегда лежат огромная работа и упорство. В стенах КазНУИ не раз приходилось слышать, с каким восхищением ученики говорят о своем наставнике, неизменно отмечая, что подготовка к выступлению даже для профессионала такого уровня – это добросовестный, многочасовой, иногда, кажется, изнурительный труд. Без него не будет успеха.

А работать Айман Мусахаджаевой всегда приходилось много. Мир искусства бывает очень реалистичным – никаких блюдец с голубыми каемочками и чудес...

В 80-е годы Айман – солистка-инструменталистка в Казахской государственной филармонии им. Жамбыла. В ее репертуаре – произведения композиторов Казахстана, Баха, Гайдна, Моцарта, Бетховена, Паганини, Брамса, Чайковского, Сибелиуса... В 1990-м А.Мусахаджаева стала доцентом Алматинской государственной консерватории им. Курмангазы,

затем заведующей кафедрой, профессором, участвовала в формировании Государственной коллекции уникальных музыкальных инструментов.

Эпоха независимости открывала новые возможности. В 1993 году Айман Мусахаджаева основала Государственный камерный оркестр «Академия солистов». Однако ее активной творческой натуре хотелось чего-то еще, так появилась мечта создать международный центр обучения. Однажды Айман Кожобековна сказала, что история Казахского национального университета искусств по прошествии лет представляется ей прямо-таки голливудским сюжетом об осуществившейся американской мечте.

– В Алматы проходил представительный фестиваль с участием известных музыкантов: приехали Эдуард Грач, Игорь Гаврыш и другие. На заключительном концерте в зале присутствовали Президент Республики Казахстан Нурсултан Абишевич Назарбаев, депутаты Парламента, – вспоминает А.Мусахаджаева. – Когда концерт завершился, состоялся небольшой фуршет, и Глава государства спросил меня о дальнейших планах. И я рассказала ему о своих замыслах по поводу академии музыки. Президент улыбнулся и сказал, что эта мечта осуществима, но воплотится она не в Алматы, а в Акмоле, куда будет перенесена столица, которая со временем станет не только политическим и экономическим центром, но и культурным. И в первую очередь больше внимания необходимо уделять именно молодежи, за которой – будущее нашей страны. Это был 1997 год.

Оставаться в стороне от больших дел Айман Кожобековна не привыкла. Какое-то время она оставалась в Алматы, а когда стали переезжать Правительство и Парламент, не дожидаясь официальных постановлений, отправилась в новую столицу, чтобы увидеть все своими глазами. Из деятелей культуры, отважившихся на переезд, она была одной из первых и буквально по кирпичику создавала «музыку» в городе.

– Перед отъездом в Астану я говорила, что трудности не испугают. На самом деле их оказалось больше. Но ведь мы дети своих родителей, своего отца, для которого его родина, его народ всегда были выше личных интересов, здоровья и благополучия близких, – размышляет она о тех годах. – Наверное, мы патриоты. Наверное, стало ясно: пришло время отдавать долги. Ведь нас учили такие прекрасные педагоги, теперь пришла пора учить нам. И учить именно так – собирая одаренных детей со всей республики с самых ранних лет, устраивая для них престижные конкурсы,



вывозя за границу...

Решение открыть в Астане академию музыки тогда удивило многих – слишком идеальной казалась мечта Мусахаджаевой и слишком высоки требования. Но, к счастью, оказалось немало и тех, кто с первых шагов поддерживал и решение Президента о переносе столицы и понимал необходимость интенсивного развития культурной жизни в стремительно строящемся городе. То, что начинать надо с детей и молодежи, тоже сомнений не вызывало.

– Мне показали здания музыкальной школы по улице Тимирязева и музыкального училища на проспекте Победы. Строения далеко не новые, но выбирать не приходилось, – продолжает Айман Кожабековна.

– Организовали обучение в школе и в колледже, а вот для высшего звена нужно было еще многое сделать. Пришлось ехать в Алматы и по регионам, бросить клич, мол, давайте, друзья, поднимать нашу новую столицу, поддержим нашего Президента. Кто, как не мы, должен радеть за нашу культуру? Откликнулись многие, в первую очередь те, с кем я когда-то училась и кого хорошо знала. Это Игорь Борисович Лебедев, Хайрулла Жумакинов, Светлана Абусадыкова, Алма Абатова, Нурлан Измайлов, Дина Мамбетова, Алтай Кусаинов, Канат Омарбаев, мои сестры и многие другие. Эти люди собрались и поехали едва ли не в неизвестность, покинув уютную и комфортную жизнь. Были трудности с бытом, но нас грела мысль, что мы делаем дело огромной важности и должны вернуть стране то, что она вложила в наше образование. Такое у нас всех было обостренное чувство долга. И была мысль: Президент поручил – надо оправдывать его высокое доверие. Я благодарна всем, кто пошел за мной. Да и у самих людей здесь открылось второе дыхание. У некоторых здесь образовались семьи, появились дети, многие из них, те, кто постарше, уже получили образование, вернулись в Казахстан и даже работают в университете...

ОПРАВДАТЬ ВЫСОКОЕ ДОВЕРИЕ

Идея последовательного воспитания музыкантов – с первых шагов до полного овладения высшим профессиональным мастерством, принадлежащая Айман Мусахаджаевой, – оказалась перспективной.

Постановлением Правительства РК в 1998 году в Астане была открыта Казахская национальная академия музыки (КазНАМ), ее ректором стала народная артистка РК Айман Мусахаджаева. Лучшие традиции отечественной педагогики интегрировались здесь с современными достижениями мирового образовательного процесса.

Глава государства присутствовал на официальном открытии академии, которое состоялось 2 июня 1998 года, в 2000 году посетил учебное заведение после реконструкции главного корпуса. При поддержке Президента и Правительства построены новые учебные здания. В 2005 году открылся Органный зал, придавший вузу статус культурного центра столицы и республики. В 2009 году КазНАМ преобразована в Казахский национальный университет искусств, в 2010-м открылись новые творческие специальности: «искусствоведение», «хореография», «живопись», «скульптура», «режиссура», «операторское искусство», «сценография», «культурология». Университет ведет подготовку специалистов по 7 программам школы-колледжа, 19 – бакалавриата, 16 – магистратуры, 3 – докторантуры.

Сегодня Казахский национальный университет искусств – ведущий творческий многопрофильный вуз Казахстана. Его стратегические планы ориентированы на развитие отечественной искусствоведческой науки, обеспечение высокого профессионализма и конкурентоспособности специалистов в области культуры и искусства, воспитание нового поколения творческой молодежи, способной к продвижению яркого культурного имиджа страны и интеграции в мировое пространство образования, культуры, науки. В КазНУИ расширяют возможности для поступления на новые востребованные специальности талантливой молодежи из городской и сельской местности, в том числе из малообеспеченных семей.

– Думаю, мы оправдали высокое доверие Президента Нурсултана Назарбаева, – говорит ректор КазНУИ. – Глава государства всегда обращает внимание на необходимость развития образования, формирование конкурентоспособной среды, воспитание молодежи. На наших выпускников везде есть спрос. Университет стал родным домом и для преподавателей, и для студентов. Но мы не останавливаемся на достигнутом, работа у нас не прерывается ни зимой, ни летом...



ЗА БУДУЩЕЕ КАЗАХСТАНА

Айман Мусахаджаева в работе университета в числе приоритетных направлений считает деятельность по международному признанию казахстанской культуры и образования.

– Перед вузом поставлена большая стратегическая задача – создать университет инновационного типа, – говорит она. – КазНУИ осуществляет большую международную деятельность, является ассоциированным членом Ассоциации европейских консерваторий, академий и высших музыкальных школ. Подписаны меморандумы о сотрудничестве со многими зарубежными вузами, что дало возможность проведения конференций и симпозиумов, мастер-классов зарубежных специалистов. В нашем университете творчески претворяются принципы Болонского процесса и международные образовательные стандарты, мы за самостоятельное формирование образовательной траектории обучающихся, профессиональную мобильность преподавателей и студентов, которые имеют возможность получения ими двудипломного образования. Мы внедряем новые схемы управления вузом и учебным процессом, осуществляем интеграцию образования, науки и производства.

Не менее важно и то, что в университете создана поистине творческая атмосфера, здесь учатся и преподают увлеченные люди. И стоит ли говорить, что примером и ориентиром для молодых является сама Айман Мусахаджаева – талантливая, яркая, ищущая личность. Ее неиссякаемая работоспособность, энергия, чувство ответственности воодушевляют и побуждают двигаться только вперед.

Если заглянуть на сайт КазНУИ, то нельзя не удивиться как количеству, так и разнообразию мероприятий (в самом неказенном смысле этого слова), участниками и организаторами которых выступают учащиеся и их преподаватели. Здесь умеют радоваться успехам и ставить новые высокие цели.

Университет за годы своего существования подготовил более 550 лауреатов международных конкурсов и более 300 лауреатов республиканских конкурсов в области музыкального искусства! Творческие коллективы университета дают концерты, участвуют в конкурсах и фестивалях, гастролируют, осваивая все новые (и, отметим, весьма известные) концертные площадки.

Вот только несколько самых свежих примеров достижений КазНУИ. Турне «Қазақ Елі Classic» охватило Алматы (ГАТОБ им. Абая), Лондон

(Royal Festival Hall) и Париж (штаб-квартира ЮНЕСКО). На сценах звучали шедевры казахской музыки: «Махамбет» Тлендиева, «Көзімнің қарасы» Абая, «Аққу» Сугира, «Бозайғыр» Брусиловского. Юные домбристы сыграли произведения Курмангазы «Сарыарка» и «Адай». Прозвучала и «Казахская рапсодия» – новое сочинение юного одаренного композитора и пианиста Рахата-Би Абдысагина.

– Мы рады той возможности, которую дает нам наша страна, наш Президент, который подчеркивает, что наша культура должна быть узнаваемой во всем мире. Через искусство мы, конечно, рассказываем о наших традициях, о стране, о наших обычаях и о казахском народе, – подчеркивает Айман Мусахаджаева.

